

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«МЕНЕДЖМЕНТ» КАФЕДРАСЫ

БАЙГАЛИЕВА А.О.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

«050507-Менеджмент» мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік
нұсқау

Ақтау, 2011ж.

УДК 33 (07)

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Байғалиева А.О. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау. «050507 - Менеджмент» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік нұсқау. – Ақтау: КМТЖИУ, 2011, 5 б.б., 80 бет.

РЕЦЕНЗЕНТ: э.ғ.к., доцент Саубетова Б.С.

Оқу-әдістемелік нұсқау студенттер «Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау» курсының оқу кезінде әр түрлі дәрежедегі экономикалық жүйедегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды құруды, теория әдістеме саласы турасында толыққанды мәлімет беру, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жоспарлық көрсеткіштер мен түрлі іс-шараларды жасауды тәжірибе жүзінде үйренуді игеруде көмек болады.

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен баспаға жіберілді.

© Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг
Университеті

КІРІСПЕ

«Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау» оқу курсының мақсаты – студенттерге «Менеджмент» мамандығы бойынша әр түрлі дәрежедегі экономикалық жүйедегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды құруды, теория әдістеме саласы турасында толыққанды мәлімет беру, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жоспарлық көрсеткіштер мен түрлі іс-шараларды жасауды тәжірибе жүзінде үйрету. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау жалпы алғанда табиғат пен қоғамның дамуы мен функцияларының заңдылықтарына сүйенетін және жеке түрде қоғам дамуында экономикалық заңдарға сүйенетін қоғамдық білімнің бір саласы ретінде қарастырылады. Кез келген қоғам, өзінің болашақтағы даму перспективасын анықтап, болжаусыз өмір сүре алмайды. Экономикалық болжамдар қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін - ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді варианттарын, үкіметтің экономикалық, техникалық саясаттарының негізгі бағыттарын анықтау үшін қажет. Экономикалық болжам дегеніміз экономикалық прогностиканың барлық әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістемелеріне негізделген экономикалық жоспарлау процесі.

Жоспарлау - экономиканың объективті заңдары мен заңдылықтарын зерттеп түсіне білу және оларды саналы түрде пайдалану арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарларын ғылыми негізде дайындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру процесі. Жоспарлаудың негізгі мақсаты - экономикада баланстық үйлесім мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін белгілі бір пропорциялар мен пропорционалдыққа қол жеткізу.

Экономикалық пропорциялар дегеніміз өндірістің әр түрлі элементтері (машиналар, құрал-саймандар, шикізат және материалдық қорлар, жұмыс күші) арасындағы, әр түрлі өндіріс салаларының өнім көлемдері арасындағы, түптеп келгенде өндіріс құрылымдары мен өндіру көлемдері және тұтыну құрылымдары мен тұтыну көлемдері арасындағы белгілі сандық қатынастар

Пәннің типтік бағдарламасы

ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлау теориясының пәні

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық мелекеттік реттеудің, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық болжау мен жоспарлаудың объектісі ретінде. Әлеуметтік – экономикалық проблемаларды шешуде мемлекеттің ролі. Экономиканың мемлекеттік басқарудың түрлері. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау мемлекеттік басқарудың бір формасы ретінде. Нарықтық жағдайдағы әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлаудың объективті қажеттілігі мен мүмкіндігі. Жоспарлаудың түсінігі. Болжау мен жоспарлаудың арақатынасы. Жоспарлаудың деңгейлері. Жоспарлаудың пәні. Жоспарлаудың объектілері мен субъектілері.

Жоспарлау ғылымының қоғамдық және әлеуметтік – экономикалық ғылымдармен байланысы. Міндеттер мен курстың құрылымы.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың жүйесі

Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау жүйесінің жалпы сипаттамасы. Жоспарларды, жоспарлы және құжаттар. Жоспарларды зерттеулер мен өңдеулер. Жоспарлардың жүйесі. Жоспарлаудың уақытша және кең құрылымы. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативті және стратегиялық жоспарларының негізгі бөлімдері мен кескіндерінің, сонымен қатар фирмалардың (кәсіпорындардың) әлеуметтік – экономикалық даму жоспарларының жалпы сипаттамасы.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемесі

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымдық элементтері. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлаудың логикасы, оның мазмұны. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлауға жүйелі түрде келудің маңыздылығы. Жоспарлаудың әдістемелік принциптері мен сипаттамалары. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудағы көрсеткіш түсінігі және классификациясы.

Болжау мен жоспарлауды өңдеу әдістері туралы түсінік. Сараптамалық және жоспарлық әдістер. Жоспарлы жобалар мен есептемелердің жұмыс қабылдауы. Болжау мен жоспарлаудың іріленген әдістері, толық есептеу әдістері. Факторлар бойынша жоспарлы есептің әдісі. Экстраполяция. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудағы эксперттік бағалар. Жоспарлаудағы әлеуметтік салыстырулардың, әлеуметтік үлгілер мен көшулердің әдістері.

Бағдарламалық – мақсаттық әдіс. Нормативті әдіс: техникалық – экономикалық, экономикалық әлеуметтік нормалар мен нормативтер. Вариантты жақындаулардың әдісі. Жүйелі жақындаудың әдісі. Жоспарлаудың баланстық әдісі. Материалдық, еңбек, қаржы және әлеуметтік баланстар. Сын жол әдістері. Формалды және формалды емес оптимизацияның әдістері.

Экономикалық - математикалық әдістер.

Әлеуметтік –экономикалық жоспарлаудың құрылымы

Болжамдау мен жоспарлауды ұйымдастыру. Жоспарлау органдарының жүйесі. ҚР-ң экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, оның құрылымы мен негізгі функциялары. Жоспарлаудың салалық және аймақтық органдары. Жоспарлаудың жергілікті (фирмашілік) органдары. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың технологиясы. Мемлекеттік жоспарды бекіту мен өңдеудің кезеңдері мен жүйелілігі. Жоспарлы іс-шаралар мен көрсеткіштерді орындаушыларға жеткізу. Мемлекеттік жоспардың орындалуын қамтамасыз ету және бақылау.

Шет елдердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлау.

Дамыған мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды оқып-білудің маңыздылығы. Стратегиялық жоспарлаудың қалыптасуы. Стратегияның негізгі мектептері. Стратегиялық басқарудың негізгі стильдері.

АҚШ мемлекетіндегі экономикалық және әлеуметтік реттеудің тәжірибесі: экономикалық – математикалық модельдеу және болжау, бюджеттеудің перспективалы баланстары. АҚШ мемлекетіндегі ішкіфирмалық жоспарлау тәжірибесі.

Франциядағы әлеуметтік – экономикалық жоспарлау тәжірибесі. Франциядағы ұлттық жоспарлауды қалыптастырудың бағыттары.

Жапониядағы әлеуметтік-экономикалық жоспарлау тәжірибесі. Жоспарлы және нарықтық реттеудің арақатынасы ҚХР әлеуметтік – экономикалық дамудың негізгі ретінде.

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК –ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Стратегиялық жоспарлаудың әдістемелік негіздері

Стратегиялық жоспарлаудың пайда болуы. Шет елдегі негізгі стратегиялардың мектептері. Стратегия туралы түсінік. Базалық және функционалдық стратегиялар. Стратегиялық балама. Стратегияны жүзеге асыру кезені ретінде стратегиялық жоспарлау және стратегиялық басқару . Аймақтық стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін анықтау. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарының тиімділігінің көрсеткіштері.

Стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін анықтаудың әдістемелік негіздері

Стратегиялық жоспарлаудың мәні және негізгі мақсаттары. Басқарушылық шешімдердің тиімділігін анықтаудың негізгі қадамдары. Әлеуметтік – экономикалық жүйенің тиімді қызмет етуінің негізгі факторлары. Стратегиялық жоспарлау мен басқарудың тиімділігін бағалаудың критерийлары. Стратегиялық жоспарлардың жүзеге асыру тиімділігінің интегралдық көрсеткіші. Аймақтық стратегиялық жоспардың тиімділігін анықтау. Кәсіпорындардың стратегиялық жоспарларының тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоғамның әлеуметтік дамуының стратегиялық жоспарлау

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік проблемаларын реттеудің басты құралы. Қоғамның әлеуметтік саясатын әзірлеудің негізгі принциптері.

Халықтың өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлау. «Халықтың әлауқаттылығы» категориясының мазмұны және оның «өмір сүру жағдайы», «өмір сүру деңгейі», «өмір сүрудің сапасы», сияқты түсініктермен байланысы. Өмір сүру деңгейін болжауда қолданылатын көрсеткіш жүйесі.

Халық кірісінің негізгі түрлері және оларды есептеудің әдістемесі. Халықтың кірістері мен шығындарының баланстық схемасы. Халықтың күн көру минимумын есептеудің әдістері. Кедейшілік проблемасы және оны жоспар негізінде шешудің мүмкіндіктері.

Ғылыми-техникалық прогресті стратегиялық жоспарлау

Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) қоғамдық – экономикалық заңдылық ретінде және оның маңыздылығы. ҒТП – ның мерзімделуі (периодизация). Нарықтық экономикада зерттеу және өңдеу жүйесін құрудағы негізгі модельдер. Дамыған мемлекеттердің ғылыми-техникалық саясаттарының маңызды факторлары: өндіріс компанияларының жоғары инновациялық белсенділігі, бәсекеге қабілетті фирмалардың болуы, елдердің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті дәрежеге бағытталуы; экономикалық өмірдің аса маңызды аймақтарын мемлекеттік реттеу.

Қазақстан экономикасының құрылымдық ерекшеліктері және елдің индустриалды – инновациялық дамуын жеделдетудің объективті қажеттілігі. Қазақстанның қазіргі мемлекеттік индустриалды – инновациялық саясаты және негізгі басымдылықтары.

ҒТП-ы стратегиялық жоспарлауда қолданылатын көрсеткіштердің жүйесі. ҒТП-ы сипаттайтын көрсеткіштерге қойылатын талаптар.

ҒТП-ы басқару әдістері Қазақстанның индустриалды – инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға дейінгі стратегиясы. Маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды шешудің мақсаттық бағдарламалары және оларды әзірлейтін негізгі кезеңдері.

Қазақстанда ҒЗТКЖ-ды қаржыландырудың негізгі көздері.

Ұлттық экономиканың құрылымын, пропорциясын және қарқынының стратегиялық жоспарлау

Қоғамның экономикалық потенциалының түсінігі. Нарықтық экономика жағдайында қоғамның экономикалық потенциалын қолданудың тиімділігін арттыру және оның негізгі аспектілері. Экономикадағы пропорцияның түрлері: жалпыэкономикалық; салааралық; ішкі салалық; ішкі өндірістік. Пропорциялардың жиынтығы ретінде экономикалық құрылым туралы түсінік. Экономика құрылымының түрлері: өндірістік, әлеуметтік, салалық, аймақтық.

Біртектілік дәрежесіне қарай тиімділікті көрсетудің тобы: тиімділіктің қорытынды көрсеткіштері, еңбек тиімділігінің көрсеткіштері, өндірістік қорлар мен капитал енгізулердің тиімділік көрсеткіштері; материалды ресурстар тиімділігі көрсеткіштері. Жаңа техниканың тиімділік көрсеткіштері; сыртқы

экономикалық байланыстардың тиімділік көрсеткіштері.

Й.Шумптердің экономиканы циклдық жаңарту теориясы. Н.Кондратьевтың, П.Милуковтың, М.Туган-Барановскийдің экономиканың өзгеруінің циклдылығы туралы ілімдері.

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезіндегі құрылымы және негізгі тенденциялары. Экономикалық ілгерілеу туралы түсінік. Экономикалық ілгерілеудің негізгі көрсеткіштері, факторлары, бағыттары мен болжамдары. Экономикалық ілгерілеуді болжаудың әдістері; экономикалық – математикалық әдістер (өндірістік функциялардың моделі, әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу т.б.), баланстық әдістер, ұлттық есеп жүйесін пайдалану (ҰЕП) т.б.

Аймақтық дәрежеде стратегиялық жоспарлау

Аймақтық стратегиялық жоспар туралы түсінік. Аймақтық стратегиялық жоспарларды әзірлеудің негізгі қағидалары. Аймақтық стратегиялық жоспардың құрылымы: аймақтың қазіргі әлеуметтік – экономикалық жағдайына баға беру, аймақтың жоспарланған кезеңдегі миссиясы мен дамуының басты мақсаты, экономикалық даму, әлеуметтік даму, күтілетін нәтижелер. Стратегиялық міндеттерді орындауда SWOT- талдауды қолдану. SWOT – талдауды жүргізудің кезектілігі. SWOT – таптаудың негізгі нәтижелері.

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ОРТА МЕРЗІМДІ (ИНДИКАТИВТІ) ЖОСПАРЛАУЫ

Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің арттырудағы орта мерзімді жоспарлаудың ролі

Индикативтік жоспарлаудың мәні. Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі. Индикативтік жоспарлаудың қызметтері. Индикативтік жоспарлаудың эволюциясы.

Қазақстанда орта мерзімді жоспар туралы түсінік, оның жүйесі және құрамы. Орта мерзімді жоспардың индикативтік сипаты. Орта мерзімді және бюджеттік жоспарлардың өзара байланысы.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде орта мерзімді жоспардың орны. Стратегиялық жоспарлар, Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасы орта мерзімді жоспарларды әзірлеудің негізі ретінде.

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу Концепциясын жүзеге асырудағы индикативтік жоспарлау негізгі құрал ретінде

Елдің тұрақты дамуы туралы түсінік. Елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму векторлары ажырамас бір тұтас ретінде. Елдің стратегиялық мақсаттарды табысты жүзеге асырудағы ҚР-ң тұрақты дамуға көшу Концепциясының маңыздылығы. Концепцияда белгіленген мақсаттық параметрлері жалпы елдену салалардың, аймақтардың және экономика субъектілері дамуының индикативтік жоспарлаудың негізі ретінде. Елдің тұрақты дамуға көшудің ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарлары.

Қазақстан республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары

Республикалық орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдері және бекіту тәртібі. Республикалық орта мерзімді жоспарды жүзеге асыруды бақылау.

Облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарлары

Аймақтық саясаттың мақсаты мен міндеттері. Аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен басымдылықтары. Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері мен құралдары.

Облыстардың орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Облыстардың орта мерзімді жоспарын бекіту және әзірлеу тәртібі. Орта мерзімді жоспардың іске асуын бақылау.

Бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлардың құрамдас бөлігі ретінде.

Орта мерзімді жоспарлардың құрамындағы бағдарламалар туралы түсінік. Маңыздылығы мен статусына қарай бағдарламалардың жіктелуі; орындалу мерзіміне қарай; проблемаларға қарай. Бағдарламалардың иерархиялары. Аймақтық, салалық (секторлы), мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар. Бағдарламалардың негізгі бөлімдері.

Бағдарламалардың әзірлеу, бекіту, іске асыру, мониторингті жасау және бағалау тәртібі

Бағдарламаларды әзірлеудің және бекітудің негізгі кезеңдері. Бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралардың жоспары. Бағдарламалардың орындалуын және орындалуды бақылаудың негізгі кезеңдері.

Ұлттық компаниялардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау

Экономика субъектісі ретінде ұлттық компаниялардың маңызы және рөлі. Ұлттық компаниялардың даму жоспарларының негізгі бөлімдері, бөлімдерінің құрылымы және негізгі көрсеткіштері. Ұлттық компаниялардың жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлары бюджеттік жоспарлаудың негізі ретінде

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттерді әзірлеудің кезеңдері және негізгі мазмұны: республикалық және жергілікті бюджеттердің жобалардың әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштерімен басымдылықтарды анықтау: жергілікті бюджеттердің жобасын мақұлдау.

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАР

Кәсіпорындардың қызметін жоспарлау

Жоспарлау кәсіпорында менеджменттің алғашқы маңызды кезеңі ретінде. Кәсіпорында жоспарлық қызметтің мәні мен сипаттамасы. Ішкіфирмалық

жоспарлардың типтері. Кәсіпорындағы стратегиялық және оперативті (тактикалық) жоспарлау. Фирманың тактикасы мен стратегиясының түсінігі.

Экономикалық құрылымдағы жоспарлау процесі. Ұйымдағы жоспарлау қызметінің кезеңдері мен сатылары. Жоспарлардың жүйесі және оның элементтері.

Кәсіпорынның даму бағытын анықтау

Кәсіпорын қызметінің бағытын анықтаудағы ішкі және сыртқы ортаны талдаудың ролі Кәсіпорын қызметінің ориентирін анықтауда ішкі және сыртқы орта анализінің ролі. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасының элементтері. Кәсіпорын ортасының сын нүктелерін анықтау.

Ұйымдағы стратегиялық пен бәсекелестік талдау және стратегияны қалыптастыру

Стратегиялық талдаудың құралдары мен кезеңдері. Айырылуды талдау. Шығындар динамикасы мен тәжірибе қисығын талдау. «Өнімнің өмірлік циклі» моделі негізінде нарық динамикасын талдау. «Өнім-нарық» моделі. Стратегияларды талдаудың портфельдік моделдері. «Мак-Кинси» көпфакторлы матрицасы. «7с» моделі. ПИМС кешендік іскерлік талдау (PIMS/).

Бәсекелестік талдаудың мазмұны. Портер бойынша бәсекелестіктің бес күші және негізгі бәсекелестік стратегиялары.

Стратегиялардың қалыптасу процесі және оның кезеңдері. Стратегияның негізгі типтері: тұрақтылығы, өсімі, қысқартылуы.

Бизнес-жоспарлау

Бизнес-жоспар кәсіпорынның стратегиялық жоспарының бөлігі ретінде. Бизнес – жоспарлардың жіктелуі. Бизнес объектілері бойынша бизнес-жоспарлардың типологиясы. Бизнес-жоспарлардың негізгі бөлімдері. Бизнес – жоспарларды әзірлеудің әдістемесі. Бизнес-жоспарларды әзірлеудің кезеңдері.

Дәріс 1. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлау теориясының пәні

1. Әлеуметтік нарықтық шаруашылық мелекеттік реттеудің, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық болжау мен жоспарлаудың объектісі ретінде.
2. Экономиканың мемлекеттік басқарудың түрлері.
3. Жоспарлаудың пәні.

Семинар 1:

1. Нарықтық жағдайдағы әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлаудың объективті қажеттілігі мен мүмкіндігі.
2. Жоспарлаудың түсінігі.
3. Болжау мен жоспарлаудың арақатынасы.

Лабораториялық жұмыс №1:

«Әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудегі мемлекеттің ролі».

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу.
2. Жоспарлаудың деңгейлері.

Әдебиет [1,6,8,9,10,11,12]

Дәріс 2. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың жүйесі

1. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау жүйесінің жалпы сипаттамасы.
2. Жоспарларды зерттеулер мен өңдеулер.

Семинар 2:

1. Жоспарлаудың уақытша және кең құрылымы.
2. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативті және стратегиялық жоспарларының негізгі бөлімдері мен кескіндерінің, сонымен қатар фирмалардың (кәсіпорындардың) әлеуметтік – экономикалық даму жоспарларының жалпы сипаттамасы.

Лабораториялық жұмыс №2:

«Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың жүйесі».

Бақылау сұрақтары:

1. Жоспарлардың жүйесі.
2. Жоспарлар және құжаттар.

Әдебиет [1,6,8,9]

Дәріс 3. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемесі

1. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымдық элементтері.
2. Әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлаудың логикасы, оның мазмұны.
3. Әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлауға жүйелі түрде келудің маңыздылығы. Жоспарлаудың әдістемелік принциптері мен сипаттамалары.

Семинар 3:

1. Болжау мен жоспарлауды өңдеу әдістері туралы түсінік.
2. Сараптамалық және жоспарлық әдістер.
3. Болжау мен жоспарлаудың іріленген әдістері, толық есептеу әдістері.
4. Факторлар бойынша жоспарлы есептің әдісі.

Лабораториялық жұмыс №3:

«Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың әдістері».

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудағы көрсеткіш түсінігі және классификациясы.
2. Жоспарлаудағы әлеуметтік салыстырулардың, әлеуметтік үлгілер мен көшулердің әдістері.

Әдебиет [1,6,8,4]

Дәріс 4. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың құрылымы

1. Болжамдау мен жоспарлауды ұйымдастыру.
2. Жоспарлау органдарының жүйесі.
3. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың технологиясы.

Семинар 4:

1. Жоспарлаудың салалық және аймақтық органдары.

2. Жоспарлаудың жергілікті органдары.

Лабораториялық жұмыс №4:

«Қазақстанда болжамдау мен жоспарлауды ұйымдастыру».

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік жоспарды бекіту мен өңдеудің кезеңдері мен жүйелілігі.
2. ҚР-ң экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, оның құрылымы мен негізгі функциялары.

Әдебиет [1,6,5,9]

Дәріс 5. Шет елдердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлау.

1. Дамыған мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды оқып-білудің маңыздылығы.
2. Стратегиялық жоспарлаудың қалыптасуы. Стратегияның негізгі мектептері.

Семинар 5:

1. АҚШ мемлекетіндегі экономикалық және әлеуметтік реттеудің тәжірибесі: экономикалық-математикалық модельдеу және болжау, бюджеттеудің перспективалы баланстары.
2. Франциядағы әлеуметтік-экономикалық жоспарлау тәжірибесі.

Лабораториялық жұмыс №5:

«Стратегиялық жоспарлардың тиімділігін анықтаудың әдістемелік негіздері».

Бақылау сұрақтары:

1. Стратегиялық басқарудың негізгі стильдері.
2. АҚШ мемлекетіндегі ішкіфирмалық жоспарлау тәжірибесі.
3. Франциядағы ұлттық жоспарлауды қалыптастырудың бағыттары.

Әдебиет [1,6,8,9,20]

Дәріс 6. Стратегиялық жоспарлаудың әдістемелік негіздері және тиімділігін анықтаудың әдістемелік негіздері

1. Стратегиялық жоспарлаудың пайда болуы.
2. Базалық және функционалдық стратегиялар. Стратегиялық балама.
3. Стратегияны жүзеге асыру кезені ретінде стратегиялық жоспарлау және стратегиялық басқару.

Семинар 6:

1. Аймақтық стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін анықтау.
2. Кәсіпорындардың стратегиялық жоспарларының тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.

Лабораториялық жұмыс №6:

«Қазақстанның қазіргі мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаты және оның басымдылықтары».

Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімді қызмет етуінің негізгі факторлары.
2. Шет елдегі негізгі стратегиялардың мектептері.

Әдебиет [1,6,8,9,20]

Дәріс 7. Қоғамның әлеуметтік дамуын стратегиялық жоспарлау

1. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік проблемаларын реттеудің басты құралы.
2. Халықтың өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлау.
3. Өмір сүру деңгейін болжауда қолданылатын көрсеткіш жүйесі.

Семинар 7:

1. Халық кірісінің негізгі түрлері және оларды есептеудің әдістемесі.
2. Халықтың кірістері мен шығындарының баланстық схемасы.

Лабораториялық жұмыс №7:

«Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі».

Бақылау сұрақтары:

1. «Халықтың әл-ауқаттылығы» категориясының мазмұны және оның «өмір сүру жағдайы», «өмір сүру деңгейі», «өмір сүрудің сапасы», сияқты түсініктермен байланысы.
2. Қоғамның әлеуметтік саясатын әзірлеудің негізгі принциптері.

Әдебиет [1,4,5,6,8,9]

Дәріс 8. Ғылыми-техникалық прогресті стратегиялық жоспарлау

1. Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) қоғамдық-экономикалық заңдылық ретінде және оның маңыздылығы.
2. Нарықтық экономикада зерттеу және өңдеу жүйесін құрудағы негізгі модельдер.

Семинар 8:

1. Қазақстан экономикасының құрылымдық ерекшеліктері және елдің индустриалды – инновациялық дамуын жеделдетудің объективті қажеттілігі.
2. Қазақстанның қазіргі мемлекеттік индустриалды – инновациялық саясаты және негізгі басымдылықтары.
3. ҒТП-ы стратегиялық жоспарлауда қолданылатын көрсеткіштердің жүйесі.

Лабораториялық жұмыс №8:

«Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі».

Бақылау сұрақтары:

1. Дамыған мемлекеттердің ғылыми-техникалық саясаттарының маңызды факторлары: өндіріс компанияларының жоғары инновациялық белсенділігі, бәсекеге қабілетті фирмалардың болуы, елдердің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті дәрежеге бағытталуы, экономикалық өмірдің аса маңызды аймақтарын мемлекеттік реттеу.
2. ҒТП-ы сипаттайтын көрсеткіштерге қойылатын талаптар.

Әдебиет [1,5,6,8,9,20]

Дәріс 9. Ұлттық экономиканың құрылымын, пропорциясын және қарқынының стратегиялық жоспарлау

1. Қоғамның экономикалық потенциалының түсінігі.

2. Экономикадағы пропорцияның түрлері: жалпыэкономикалық; салааралық; ішкі салалық; ішкі өндірістік.
3. Пропорциялардың жиынтығы ретінде экономикалық құрылым туралы түсінік.
4. Экономика құрылымының түрлері: өндірістік, әлеуметтік, салалық, аймақтық.

Семинар 9:

1. Нарықтық экономика жағдайында қоғамның экономикалық потенциалын қолданудың тиімділігін арттыру және оның негізгі аспектілері.
2. Жаңа техниканың тиімділік көрсеткіштері; сыртқы экономикалық байланыстардың тиімділік көрсеткіштері.

Лабораториялық жұмыс №9:

«Қазақстандағы орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық жоспарлау».

Бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық ілгерілеу туралы түсінік. Экономикалық ілгерілеудің негізгі көрсеткіштері, факторлары, бағыттары мен болжамдары.
2. Экономикалық ілгерілеуді болжаудың әдістері; экономикалық-математикалық әдістер (өндірістік функциялардың моделі, әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу т.б.), баланстық әдістер, ұлттық есеп жүйесін пайдалану (ҰЕП) т.б.
3. Біртектілік дәрежесіне қарай тиімділікті көрсетудің тобы: тиімділіктің қорытынды көрсеткіштері, еңбек тиімділігінің көрсеткіштері, өндірістік қорлар мен капитал енгізулердің тиімділік көрсеткіштері; материалды ресурстар тиімділігі көрсеткіштері.

Әдебиет [1,6,8,9,20]

Дәріс 10. Аймақтық дәрежеде стратегиялық жоспарлау

1. Аймақтық стратегиялық жоспар туралы түсінік.
2. Аймақтық стратегиялық жоспардың құрылымы.

Семинар 10:

1. Аймақтың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайына баға беру.
2. Аймақтың жоспарланған кезеңдегі миссиясы мен дамуының басты мақсаты, экономикалық даму, әлеуметтік даму, күтілетін нәтижелер.

Лабораториялық жұмыс №10:

«Қазақстандағы орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық жоспарлау».

Бақылау сұрақтары:

1. Аймақтық стратегиялық жоспарларды әзірлеудің негізгі қағидалары.
2. Стратегиялық міндеттерді орындауда SWOT-талдауды қолдану.

Әдебиет [1,5,6,8,9,20]

Дәріс 11. Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің арттырудағы орта мерзімді жоспарлаудың ролі

1. Индикативтік жоспарлаудың мәні.
2. Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі. Индикативтік

жоспарлаудың қызметтері . Индикативтік жоспарлаудың эволюциясы.

3. Орта мерзімді жоспардың индикативтік сипаты. Орта мерзімді және бюджеттік жоспарлардың өзара байланысы.

4. Елдің тұрақты дамуы туралы түсінік.

Семинар 11:

1. Стратегиялық жоспарлар, Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасы орта мерзімді жоспарларды әзірлеудің негізі ретінде.

2. Елдің стратегиялық мақсаттарды табысты жүзеге асырудағы ҚР-ң тұрақты дамуға көшу Концепциясының маңыздылығы.

Лабораториялық жұмыс №11:

«Индикативтік жоспарлау Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту концепциясы».

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанда орта мерзімді жоспар туралы түсінік, оның жүйесі және құрамы.

2. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде орта мерзімді жоспардың орны.

Әдебиет [1,4,6,8,9]

Дәріс 12. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары және облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарлары

1. Республикалық орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдері және бекіту тәртібі.

2. Республикалық орта мерзімді жоспарды жүзеге асыруды бақылау.

3. Аймақтық саясаттың мақсаты мен міндеттері. Аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен басымдылықтары.

4. Орта мерзімді жоспарлардың құрамындағы бағдарламалар туралы түсінік.

Семинар 12:

1. Облыстардың орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері.

2. Облыстардың орта мерзімді жоспарын бекіту және әзірлеу тәртібі.

3. Бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралардың жоспары.

Лабораториялық жұмыс №12:

«Облыстық орта мерзімді жоспар».

Бақылау сұрақтары:

1. Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері мен құралдары.

2. Бағдарламаларды әзірлеудің және бекітудің негізгі кезеңдері.

3. Орта мерзімді жоспардың іске асуын бақылау.

Әдебиет [1,4,5,8,20]

Дәріс 13. Ұлттық компаниялардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау

1. Экономика субъектісі ретінде ұлттық компаниялардың маңызы және рөлі.

2. Ұлттық компаниялардың даму жоспарларының негізгі бөлімдері, бөлімдерінің құрылымы және негізгі көрсеткіштері.

Семинар 13:

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлары бюджеттік жоспарлаудың негізі ретінде.

Лабораториялық жұмыс №13:

«Ұлттық компаниялардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау».

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлттық компаниялардың жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі.

Әдебиет [1,6,8,9,20]

Дәріс 14. Кәсіпорындардың қызметін жоспарлау, даму бағытын анықтау

1. Жоспарлау кәсіпорында менеджменттің алғашқы маңызды кезеңі ретінде. Кәсіпорында жоспарлық қызметтің мәні мен сипаттамасы.

2. Ішкіфирмалық жоспарлардың типтері.

Семинар 14:

1. Экономикалық құрылымдағы жоспарлау процесі.

2. Ұйымдағы жоспарлау қызметінің кезеңдері мен сатылары.

Лабораториялық жұмыс №14:

«Кәсіпорынның даму бағытын анықтау».

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорындағы стратегиялық және оперативті (тактикалық) жоспарлау.

2. Фирманың тактикасы мен стратегиясының түсінігі.

3. Жоспарлардың жүйесі және оның элементтері.

Әдебиет [1,4,5,6,8,9,20]

Дәріс 15. Ұйымдағы стратегиялық пен бәсекелестік талдау және стратегияны қалыптастыру. Бизнес-жоспарлау.

1. Стратегиялық талдаудың құралдары мен кезеңдері.

2. Шығындар динамикасы мен тәжірибе қисығын талдау.

3. Бизнес – жоспарлардың жіктелуі.

Семинар 15:

1. «Өнімнің өмірлік циклі» моделі негізінде нарық динамикасын талдау.

2. «Өнім-нарық» моделі. Стратегияларды талдаудың портфельдік моделдері.

3. «Мак-Кинси» көпфакторлы матрицасы. «7с» моделі.

4. ПИМС кешендік іскерлік талдау (PIMS).

Лабораториялық жұмыс №15:

«Ұйымдағы стратегиялық пен бәсекелестік талдау және стратегияны қалыптастыру».

Бақылау сұрақтары:

1. Бәсекелестік талдаудың мазмұны. Портер бойынша бәсекелестіктің бес күші және негізгі бәсекелестік стратегиялары.

2. Стратегиялардың қалыптасу процесі және оның кезеңдері. Стратегияның негізгі типтері: тұрақтылығы, өсімі, қысқартылуы.

Әдебиет [1,6,8,9,20]

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

1.1.Лабораториялық практикумның мақсаты

Нарықтың дамуы, бәсекелестіктің артуы және ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқыны жағдайында әлеуметтік – экономикалық жоспарлау жалпы алғанда табиғат пен қоғамның дамуы мен функцияларының заңдылықтарына сүйенетін және жеке түрде қоғам дамуында экономикалық заңдарға сүйенетін қоғамдық білімнің бір саласы ретінде қарастырылады.

Бұл мақсатқа жемісті қол жеткізуге желілік жоспарлау және басқару әдістерін қолдану ықпал етеді. Бұл лабораториялық практикум жоспарлау және басқару саласында студенттердің алған білімдерін бекіту және жоспарлау саласында нақты тәжірибелік міндеттерді шешу үшін әдістерді қолдануға қажетті, мемлекеттік әлеуметтік секторында стратегиялық басқарудың негізгі құралдарымен жұмыс істеу дағдысына ие болу керек.

1.2.Лабораториялық жұмысты орындауға тапсырма

Лабораториялық жұмыс оқытушы берген тапсырмаға сәйкес берілген мәліметтер нұсқасы түрінде орындалады. Берілген мәліметтердің нұсқалары әдістемелік нұсқаудың қосымшасында келтірілген – бұл жұмыстар кешенінің тізімі (нұсқа 1 және нұсқа 2) және жұмыстар бойынша берілген мәліметтер (нұсқа А және нұсқа Б), бұл жерде әр жұмысқа ұзақтығы бойынша үш уақыт шамасы, адам-күнмен өлшенген жұмыстың еңбек сыйымдылығы, сәйкес жұмыстарды орындайтын жұмысшылар саны беріледі.

Жекелеген тапсырмалар бойынша жұмыстар екі студентпен есеп түрінде орындалады және рәсімделеді. Есеп беру формалары қосымшада көрсетілген.

№1 Лабораториялық жұмыс тақырыбы

«Әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудегі мемлекеттің ролі»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Екі мыңыншы жылға қарағанда жалпы ішкі өнімді еселеу жөніндегі міндеттерді келесі жылдың өзінде – ақ іске асыра алады. Бұл көздеген мақсаты да, экономикалық өсудің көлденең тартар көрсеткіші де емес, бұл – қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту берудің қолда бар нақты мүмкіндігі.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студенттерінің стипендияларын өсіріп, оларға білім алу гранттары мен кредиттері берілді.

Бюджет саласының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысын үнемі көтеріп келеді. Аз қамтылған отбасыларына 18 жасқа толмаған балалары үшін ай сайынғы жәрдемақылар, ал көп балалы аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақылар төленуде. Балалар мен жасөспірімдердің белгілі бір зәру топтарын дәрі – дәрмекпен тегін қамтамасыз

ету мәселесі де шешілуде.

Жыл сайын зейнеткерлік жәрдемақылардың мөлшері де үстеме артылып келеді. Бұрынғы еңбек өтіліне байланысты зейнетақылық төлемдерді сараланған түрде өсіру жүзеге асырылды. Бұл бір миллионнан астам адамды қамтыды. Сонымен қатар әлді құрылымдар ардагерлерінің зейнетақылары көбейтілді. Барлық зейнетақылық және әлеуметтік төлемдер уақытылы – тиісті айында төленіп келеді. Экономиканың тұрақты дамуы қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартқан үстіне жақсарта беруге жағдай туғызады. Бұл – біздің саясатымыздың әлеуметтік жемісі.

Президент бүгінгі күні Үкіметке халқымыздың әл-ауқа-тын жақсарта беру жолындағы жұмысты ары қарай жалғастыра беруді тапсырды.

Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айрық-ша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, ба-ланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе 2 есе арттырылуын тап-сырды.

Екіншіден, жұмыс істейтін әйелдердің жүктілігін, босану мен аналық кезін міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді. Бұл ретте декреттік демалыста және бір жасқа толғанға дейін нәресте күтімі жөніндегі демалыста жүрген кезінде олардың зейнетақылық жинақтаулары жүргізіле беруге тиіс.

Бұл жәрдемақыларды төлеу әлеуметтік салықты қайта бөлу есебінен құралған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұған мемлекеттік бюджеттен қосымша 9,2 миллиард теңге бөлу талап етілді.

Үшіншіден, іргелік зейнетақының мөлшері ұлғайтылуы және таяудағы жылдары оның тұрмыстық ең төменгі қажет-тіліктің 40 пайызы деңгейінде сақталуы қамтамасыз етілді. Мұның өзі 1 миллион 675 мың іргелік зейнетақы алушыларды қамтиды, әрі оның мөлшері 2008 жылы шамамен бір мың теңгеге немесе 35 пайыздан аса артады. Ең төменгі зейнетақы-лық төлемдер 2008 жылы шамамен 1500 теңгеге немесе 15 пайызға көбейді.

Төртіншіден, зейнетақының мөлшерін бұрынғы еңбек өтіліне сүйеніп анықтаған кезде әділдік орнату үшін зейнеттік заңнамада көзделген зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табысты шектеу өзгертіліп, ол 15 мәрте айлық есептік көрсеткіштен 25 мәртеге дейін арттырылды.

Ортақ зейнетақының орташа мөлшері 13 604 теңгеге немесе 25 пайыз артты. Ортақ зейнетақылар 2008 жылы 21285 теңгеге дейін немесе 76 пайыз өседі.

Бесіншіден, зейнетақы төлемдерін сатып алу қабілетін тұрақтандыру үшін зейнетақы төлемдерін индекстеу сақталды және ол тұтыну бағалары индексінің болжамды өсімінен екі пайыз арттырыла жүзеге асырылды.

Алтыншыдан, бюджет саласындағы жалақы 2007 жыл-ғы 1 қаңтардан бастап 30 пайыз арттырылды. Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін одан әрі жетіл-діру жөніндегі жұмысты жалғастыра беру қажет.

Жетіншіден, олардың мәртебесін арттыру, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдинет және спорт сияқты салаларда кадрлар тарту мен кадрлық әлеуетті нығайту үшін 2008 жылғы 1 қаңтардан

бастап еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыруға арнап, бір айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде жәрдемақы төлеу енгізілді. 2008 жылы ғана бұл бюджетке 30,6 миллиард теңгеге түседі.

Сегізіншіден, алдыңғы жылдары 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зиянды және ауыр еңбек жағдайында өтілін өткерген адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру жайында талай рет

мәселе көтерілді. Бүгінгі таңда мемлекеттің қазақстандықтарды әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту үшін осындай үлкен қаражат жұмсауға мүмкіндігі бар. Ендеше біз бұл мүмкіндікті пайдаланатын боламыз.

Тоғызыншыдан, үш жылдың ішінде 100 мектеп пен 100 аурухана салуды, әрі оларды еліміздің нақ осындай нысандарға мұқтаж болып отырған аудандарында салуды тапсырды. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды біз стратегиялық мін-дет дәрежесіне көтеруіміз керек .

Мемлекет – саяси жүйенің басты элементі, оның негізгі ұйымы. Ол керек кезінде арнаулы күштеу органдарын пайдалана отырып, өз аумағында тұратын адамдардың мүддесін қорғауға тиіс және олардың арасындағы арақатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм. Мемлекет лғашқы қауымдық қоғамда болған жоқ, ол иеленушілік қоғамда дүниеге келді. Оның пайда болуы және мәні жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде ең көп тарағандары мыналар: Теологиялық теория, патриархтық теория, қоғамдық келісім теориясы, зорлық жасау теориясы, географиялық теория, психологиялық теория, марксистік теория.

Мемлекеттің бірнеше белгілері бар: аумақтық бөліну, ерекше өкімет аппараты, мемлекеттің егемендігі, ашық күш қолдану, зорлықпен еріксіз көндіру, салық салу, мемлекеттің міндетті түрде мүшесі және азамы болуы.

Саяси биліктің өзіндік қызметтері болады. Оған жататындар: қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру, оның саяси өмірін ұйымдастыру, саяси институттар, мемлекеттік басқару органдары мен аппараттары, партиялар азаматтар және т.б.

Қоғамда саяси билік өзара тығыз байланыстағы үш деңгейде ұйымдастырылып, жұмыс істейді:

1. Жоғарғы орталық саяси институттар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарды басқару органдары кіретін өте ірі деңгей.
2. Орта буынды аппараттар мен мекемелерді қамтитын және аймақтық облыстық, аудандық шеңберіндегі жергілікті әкімшілік билік кіретін орта деңгей.
3. Адамдар, кішігірім топтар ұйымдар, одақтар, өндіріс және басқа ұжымдар арасындағы қоғамдық қатынастардың негізі, арқауы болып табылатын, саяси және қоғамдық өзін-өзі басқару өрісін құрайтын кіші деңгей.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады:

1. Келесі бағыттар бойынша талдау жүргізіңіз.

Мемлекеттің ішкі функциялары

1. Экономикалық функция
2. Әлеуметтік функция

3. Қаржы реттеу функциясы
4. Мәдениет бағытындағы функция
5. Экологиялық функция
6. Құқықтық тәртіпті қорғау функциясы
7. Қоғамдағы тәртіпті қорғау функциясы
8. Ғылыми – техникалық прогрессті дамыту функциясы

Мемлекеттің сыртқы функциялары:

1. Екі жақты пайдалы қарым –қатынас қалыптастыру
2. Мемлекет аралық саяси ынтамақтастықты дамытып, жақсарту
3. Мәдени және ғылыми – техникалық ынтамақтастықты қалыптастыру
4. Дүниежүзілік ғалымдық мәселерді реттеп, шешуге, әлемдегі барлық мемлекет қатысулары
5. Мемлекеттің қорғанысын, қауіпсіздігін қамтамсыз ету

№2 Лабораториялық жұмыс тақырыбы

«Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың жүйесі»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Әр түрлі дәрежедегі экономикалық жүйедегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды құруды, теория әдістеме саласы турасында толыққанды мәлімет беру, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық дамуды қамтамсыз ететін жоспарлық көрсеткіштер мен түрлі іс-шараларды жасауды тәжірибе жүзінде үйрету.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006 – 2008 жылдарға арналған (дайындық кезеңі) іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауапты	Орындалу (іске асыру) мерзімі	Болжанатын шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1. Елді және таратып орналастыру жүйесін тиімді аумақтық ұйымдастыруды қалыптастыру						
1	Алматы қаласы және Алматы облысын экономикалық ұстанымдандырудың 2015 жылға дейінгі ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭБЖМ (жинақтау), Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдері	2007 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
2	Өңірлік және ұлттық	Қазақстан	ЭБЖМ	2008	Талап	

	еңбек бөлінісінде ұстанымдану перспективаларын айқындай отырып, тірек қалалардың даму стратегияларын (бәсекелі стратегиялар) әзірлеу	Республика сының Үкіметіне ақпарат	(жинақтау), облыс әкімдері	жылғы 25 қаңтар	етілмейді	
3	Қазақстан Республикасының аумақтық дамуы мен халқының таратып орналасуының болжамды схемасын және өңірлердің аумақтық дамуы мен халқының таратып орналасуының перспективалық схемаларын әзірлеу жөнінде әдістемелік тәсілдер (әдістеме) әзірлеу	Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомстволық комиссияның шешімі	ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2006 жылғы 4-тоқсан	2006 жылы - 17,0	Республикалық бюджет
4	Облыс аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын әзірлеу	Мәслихаттың шешімі	Облыс әкімдері, ИСМ	2008 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	
5	Халықты таратып орналастыру және өндірістік күштерді орналастыру жүйесін қоса алғанда, оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
2. Аумақтарды экономикалық ұйымдастыру						
6	Ел өңірлерінің аумақтық дамуы мен халқының таратып орналасуының перспективалық схемаларын әзірлей отырып, тиісті табиғи ресурстарды (жер, су, минералдық-шикізат, рекреациялық) пайдалану және сақтау жөніндегі тұжырымдамалардың, бағдарламалардың, іс-	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, АШМ, ЭМРМ,	2008 жылғы 25 шілде	Талап етілмейді	

	шаралардың кешенді өзара байланысын қамтамасыз ету		Қоршаған орта-мині, ЖРБА			
7	Өңірлер мен тірек қалаларды дамыту стратегияларын (бәсекелі стратегияларын) әзірлеу жөнінде әдістемелік тәсілдер (әдістеме) әзірлеу	Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі	ЭБЖМ	2006 жылғы 4-тоқсан	2006 год – 4,0	Республикалық бюджет
8	Ел өңірлері мен ірі қалаларының ұлттық, өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеде ұстанымдануының (мамандануының) бағыттарын айқындау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы 25 қаңтар	Жергілікті бюджеттерде көзделген сомашегінде	Жергілікті бюджеттер
9	Облыстардың 2015 жылға дейінгі даму стратегияларын (бәсекелі стратегияларын) әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), облыс әкімдері	2007 жылғы 25 шілде	Талап етілмейді	
10	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жанынан бәсекеге қабілеттілік кеңестерін құру	ЭБЖМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ИСМ	2007 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
11	«Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамдарын құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ	2008 жылғы 15 қаңтар	2007 жылы - 14000,0	Республикалық бюджет
12	«Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы» акционерлік қоғамының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	ИСМ	2008 жылғы 15 қаңтар	2006 жылы - 1100,0 2007 жылы - 1627,0	Республикалық бюджет
13	Ауылдық жерлерде білім беру ұйымдары желісінің, соның ішінде мектепке	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының	БҒМ	2007 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	

	дейінгі, тиесілілік нормативтерін қайта қарау, қалалар мен кенттердегі білім беру объектілері, соның ішінде мектепке дейінгі, сондай-ақ республикалық және өңірлік маңызы бар мамандандырылған мекемелер желісінің тиесілілік нормативін енгізе отырып, оны кеңейту бөлігінде білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	жобасы				
14	Алғашқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық және стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ДСМ	2007 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
15	Медициналық-әлеуметтік мекемелер желісінің мемлекет кепілдік берген нормативтің әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	<i>Еңбекмині</i>	2007 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
16	Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау объектілеріне қажеттілікті айқындаудың және басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеу	Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі	<i>ЭБЖМ, БФМ, ДСМ, Еңбекмині</i>	2007 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
17	Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтар құру тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ИСМ	2008 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	

3. Аумақтардың экологиялық жағдайын жақсарту						
18	Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру жөнінде шаралар әзірлеу	ЭБЖМ-ге ақпарат	Қоршаған орта-мині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы 15 қаңтар	Талап етілмейді	
19	Халықаралық практикаға сәйкес қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жүйесін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Қоршаған орта-мині	2008 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	
4. Аумақтық дамуды институционалдық қамтамасыз ету						
20	Экономикалық макроөңірлер деңгейінде өңірлік құрылымдар қалыптастыра отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамында аумақтық даму жөнінде уәкілетті орган құру (айқындау) туралы ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЭБЖМ	2007 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	
21	Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясына сәйкес түзетуді талап ететін мемлекеттік және салалық бағдарламалар тізбесін дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ	2007 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
22	«Озық қарқынмен» өсу аймақтарын қалыптастыру жөніндегі өңірлік бастамаларды селективтік қолдау мәселелерін Дүниежүзілік банкпен бірлесіп пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ	2007 жылғы 25 шілде	Талап етілмейді	
23	Жаңа редакцияда жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭБЖМ	2007 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	
24	2008 - 2010 жылдарға	Қазақстан	ЭБЖМ	2007	Талап	

	арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала және астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Республикасы Заңының жобасы		жылғы 3- тоқсан	етілмей ді	
25	Елдің шекаралас аумақтарындағы бұрын таратылған жекелеген ауылдық аудандарды қайта қалпына келтіру туралы ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ	2008 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
26	Мәртебесі бойынша заңнамада белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін облыстық және аудандық мәні бар қалаларды, кенттерді басқа елді мекендер етіп қайта құру жөнінде не өлшемдердің өзгеруі бойынша тиісті заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ	2008 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	
27	Бұрын құрамына ауылдық округтер, кенттер мен ауылдар кірген қалалардың шекараларын ретке келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ	2008 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Берілген кесте бойынша талдау жасау.
2. Нәтижелерді тапсыру.

№3 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың әдістері»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымдық элементтерін, әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлаудың

логикасын, оның мазмұнымен танысу. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлауға жүйелі түрде келудің маңыздылығын білу.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Әлеуметтік – экономикалық дамудың индикаторлары ретінде төмендегідей жағдайларды сипаттайтын көрсеткіштер қолданылады:

- Экономиканың динамикасын, құрылымын және тиімділігін
- Ақша және қаржы айналымы жағдайын
- Тауар мен құнды қағаздар нарығын
- Баға қозғалысын
- Жұмыспен қамтылуды
- Халықтың өмірлік деңгейін
- Сыртқы экономикалық байланысты және т.б

3. Әлеуметтік – экономикалық процестерге мемлекеттік ықпал шаралары

- Орталықтандырылған қаржы және валюта қаражаттары, несиелер
- Салықтық иіндер (рычагтар)
- Амортизациялық жүйе
- Кедендік салықтар
- Лицензиялар мен квоталар
- Мемлекеттік қажеттіліктер үшін өнімдер тапсыру көлемі
- Мемлекеттік кәсіпорындардың даму, жұмыс жасау жағдайларын анықтау.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларын 2007-2009 жылдары бойына кесте ретінде көрсету.

№4 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Қазақстанда болжамдаумен жоспарлауды ұйымдастыру»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау жүйесінің жалпы сипаттамасын тану. Жоспарларды зерттеулер мен өңдеулерге талдау жасау. Жоспарлардың жүйесін игеру. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативті және стратегиялық жоспарларының негізгі бөлімдері мен кескіндерінің, сонымен қатар фирмалардың (кәсіпорындардың) әлеуметтік – экономикалық даму жоспарларының жалпы сипаттамасын зерттеу, талдау жүргізе білу.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Берілген кесте бойынша болжамдауды жоспарлауға талдау жасап, ұсыныстар енгізу.

	2007ж.	2008ж.	Болжам		
	есеп	бағалау	2009ж.	2010ж.	2011ж.
Аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер					
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	5542,5	6780	8065,4	9183,8	10471,6
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	109,4	108,8	108,3	108,3	108,9
ЖІӨ, млрд, АҚШ доллары ресми бағам бойынша	40,7	52,2	63,5	74,1	87,3
ЖІӨ, млрд, АҚШ доллары сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша (СҚТ)	140,9	157,1	174,4	193,7	216,2
Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.	2714	3439,9	4147,0	4794,8	5608,7
Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.СҚТ бойынша	9388	10361,4	11391,4	12541,8	13899,1
Тұтыну бағаларының индексі, %-бен					
жылына орта есеппен	6,9	5-7	5-7	5-7	5-7
Ақша базасы, млрд. теңге	578	778	962	1128	1280
Ақша массасы, млрд. теңге	1564	2123	2760	3470	4200
Экономиканы монеталандыру деңгейі, %	28,2	31,3	34,2	37,8	40,1
Тауарлар экспорты (ФОБ), млрд. АҚШ доллары	20,5	26,8	29,1	29	27,8
Тауарлар импорты (ФОБ), млрд. АҚШ доллары	13,8	18,6	23,1	24,7	25,8
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге		2143	2529	2908	3315
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	110,6	140	118	115	114
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд.теңге	694,7	722,5	774,7	823,5	886,4
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	100,1	100,5	102	102,2	103
Өнеркәсіптік өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемі, млрд.теңге	3733,8	4526	4915,4	5377,2	5929,9
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	110,4	106,7	107,3	107,6	108,8
Мұнай және табиғи газ өндіру, млн.тонн	59,4	61	62	66	72
соның ішінде экспорты, млн. тонн	52,4	54,4	55,1	58,7	64,4
Мұнай және табиғи газ экспорты, млн.АҚШ доллары	14540	15089,0	14735	14712	14664
Дүниежүзілік бағасы мұнай (смесь Brent), АҚШ доллары за баррель	38,3	48,0	47	44	40
Экспорттық бағасы мұнай, АҚШ доллары за баррель	28,7	36	35,3	33	30
Құрылыс, млрд. теңге	677,3	931,3	1178,1	1464,0	1786,7
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	109,5	125	115	112	110
Көлік қызметтері, млрд. теңге	1183,5	1361,4	1546,2	1770,9	2047,5

Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	109,5	106,5	106,5	107	108
Байланыс, млрд. теңге	168,7	221,2	283,3	359,5	459,8
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	129,0	125,0	122,0	122,0	123,0
Сауда, млрд. теңге	1113,8	1280,5	1500,3	1744,6	2034,2
Өткен жылға %-бен нақты өзгеру	110	109,5	109,5	109,7	110,0

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Макроэкономикалық көрсеткіштерге талдау жасау.
2. Болжам қандай болуы қажет?

№5 Лабораториялық жұмыс тақырыбы

«Қазақстанның қазіргі мемлекеттік индустриалды – инновациялық саясаты және оның басымдылықтары»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Стратегияның басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуі; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Стратегияның міндеті: өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқыны 8-8,4% мөлшерінде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету; өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру; кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін қоғамдық институттарды ұстау, қосылған құнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндірістерді қосылған құн тізбегіндегі элементтерді игеру; ғылымды көп қажет ететін және технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру; сапаның әлемдік стандарттарына көшу болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісті мемлекеттік индустриялық –инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады. Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: бір жақты шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың босандығы, ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылым мен өндірістің арасында ықпалды байланыстың болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік –

конструкторлық жұмыстарға қаржының аз бөлінуі, менеджменттің экономиканы Ғаламдану процестеріне және сервистік-технологиялық өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі. Проблемаларды шешу және Стратегия аясында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Даму Банкінің қызметін жандандырумен қатар Қазақстанның инвестициялық қоры, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Инновациялық қор сияқты арнайы даму институттарын құру көзделіп отыр. Елімізде индустриялық инновациялық дамытудың 2003-3015 жылдарға арналған бағдарламасы экономикалық өрлеудің жаңа бағыттарын белгіледі. Стратегияның басты мақсаты – бәсекелестікке төтеп бере алатын әрі экспортқа негізделген өңдеу өнеркәсібін жандандыру, бұл үшін ғылыми қуатты арттырып, оның өндіріспен ара қатынасын күшейту көзделеді. Инновациялық қызметтің дамуы ең алдымен, ғылыми-техникалық ақпараттанумен өзара байланысты, сондықтан кез келген мекемеде, оқу орындарында ақпараттық-технологиялық орталықтар жұмыс істеуі керек. Инновациялық қызмет негізінде ғылыми- техникалық прогресс жатыр. Ғылым мен техника адам өмірінің дамуы мен қатар жүреді. Елімізде осы мәселені өркендету мен дамыту барысында көптеген заңдық-құқықтық актілерге қол қойылды, алайда бұл қабылданған құжаттар оны жүзеге асыру және орнындау талаптармен үндеспей жатыр, осы олқылықтың орнын толтыру шарт. Ол үшін жаңа кредиттік технология осы саясатты әрі қарай дамыту мақсатында жүзеге асырылуы тиіс.

Инновациялық мақсатты жүзеге асыру бірнеше қатар шаралардың жүргізілуін талап етеді:

- елдегі индустриалды-инновациялық потенциалды нығайту және құру; бұл үшін даму Банкі, сонымен қатар дамудың мемлекеттік қаржылық институттарын нығайтуға жағдайлар жасалынды: Инвестициялық қор, капитал мен экспортты сақтандыру бойынша корпорациялар, сонымен қатар аналитикалық және маркетингтік зерттеу, технологиялардың трансферт инжинеринг орталықтары;
- индустриалды-инновациялық даму міндеттерін ескере отырып, мемлекеттік органдар қызметін қайта құру; бұл фискалдық, білім, интимонопольдік, инфрақұрылымдық саясаттардың жетілдіруін талап етеді;
- қоғамда индустриалды-инновациялық дамуды үгіт-насихат жүргізу және де мемлекеттік органдардың жеке секторымен өзара қарым-қатынас механизмін енгізу.

Индустриалды-инновациялық дамудың стратегиясының концепциясы мынаны көрсетеді: жергілікті атқарушы органдардың өздеріне жағдайды белсенді түрде құру, жергілікті экономикаға біршама нәтижелі ықпал ету ұсынылады. Индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыттары болып өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бәсеке қабілеттілігі мәселелері жөнінде мемлекеттің жеке секторымен белсенді әріптестігі және өнеркәсіп кәсіпорнының модернизациясына және олардың инновациялық қызметіне ықпал ету болып табылады.

Келешекте Қазақстанның аймақтағы жетекші мемлекетке айналуы үшін

инновациялық саясатты тиімді түрде жүзеге асыру Корея, Малайзия және де Жапония сияқты мемлекеттердің тәжірбиелерін жете сараптау қазіргі ғалымдардың басты зерттеу объектісіне айналуы тиіс.

Инновациялық саясаттың қоғамдағы ролі өте зор болып табылады және де сол арқылы әлеуметтік-саяси дамудың нақты деңгейін көруге болады.

Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамсыз ету, осы арқылы еліміздің жағдайын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамсыз ету. Сондықтан да жаһандық

процесс туғызған инновациялық қызмет кез-келген мемлекеттің даму тарихында ерекше орынға ие. Еліміздегі ішкі және сыртқы геосаяси және экономикалық жағдайдың тұрақтануы мен инновациялық қызметтің, ғылыми – техникалық саясаттың дамуы қарқынды түрде жүруде.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Маңғыстау облысының индустриалды-инновациялық саясатын, оның негізгі бағыттары талдау.

2. Нәтижелерді кесте ртінде көрсету.

№6 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Қоғамның әлеуметтік дамуының стратегиялық жоспары»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік проблемаларын реттеудің басты құралы екенін жете түсіну. Қоғамның әлеуметтік саясатын әзірлеудің негізгі принциптерін біліп, үйрену.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Біріншіден өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның ірге тасы тек қана осы заманғы бәсекеге қабілетті және бір шікізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады. Бұл жеке меншік институты мен келісім шарттың қатынастарды құрметтеу мен қорғауға қоғамның барлық мүшелерінің бастамашылығы мен іскерлігіне негізделген экономика.

Екіншіден біз аға ұрпақты ана мен баланы жастарды қамқорлық пен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық топтары тұрмысының жоғары сапасы мен алдаңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамсыз ететін қоғам құрудамыз.

Үшіншіден біз еркін ашық әрі демократиялық қоғам орнатудамыз.

Төртіншіден біз дейекті түрде саяси тежемелік пен тепе теңдіктің үйлестірген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта береміз.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Маңғыстау облысындағы «тұтыну қоржынының» өсуіне талдау жасау.

2. Маңғыстау облысының әлеуметтік даму бағдарламасын тұжырымдаңыз.

№7 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Индикативтік жоспарлаудың мәні мен индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесін білу. Индикативтік жоспарлаудың қызметтері . Индикативтік жоспарлаудың эволюциясы. Стратегиялық жоспарлар, Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасы орта мерзімді жоспарларды әзірлеудің негізі ретінде.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Шешілетін міндеттердің маңыздылығына байланысты индикативті жоспарлар түрлері

Қазақстан Республикасының әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативтік жоспары – жалпы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді, мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын және Республика Үкіметінің оларды іске асыру шараларын анықтайды.

Ірі аймақтың (облыстардың) әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативтік жоспары – аймақтық әлеуметтік – экономикалық жағдайларды шешуге, дамытуға бағытталады.

Саланың әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативтік жоспары саланың негізгі даму саясатын, әр саланың дамуын қамтамасыз ету жолындағы экономикалық және ұйымдық – техникалық шараларын анықтайды.

Ұйымдардың, кәсіпорындардың даму жоспарлары заңдық құжаттарға сай жасалынады және іске асырылады, ол мемлекеттік әлеуметтік – экономикалық саясатынан, экономикалық реттегіштерден, мемлекеттік, аймақтық, салалық бағдарламалардан, ішкі, сыртқы нарық сұраныстарынан, мемлекеттік өнімдерді сатып алу шарттарынан туындайды.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Ұйым, кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеп, тұжырымдаңыз.

№8 Лабораториялық жұмыс тақырыбы

«Қазақстандағы орта мерзімдік әлеуметтік экономикалық жоспарлау»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Республикалық орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдері және бекіту тәртібі. Республикалық орта мерзімді жоспарды жүзеге асыруды бақылау.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

«Қазақстан – 2030», **біріншіден**, қандай да бір табыстарға қолымыз жеткен секторларды жаңарту қарқынын жеделдете түсуіміз қажет.

Екіншіден, жаңартуды ешқандай алалаусыз Қазақстан экономикасы мен

әлеуметтік өмірінің барлық салаларына тарату керек. Бәсекеге қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты ықпалдасуының кілті. Сондықтан да өткен жылдың өзінде біз жалпы қазақ-тандық жобамызды тұжырымдап, оны іске асыруды қолға алған болатынбыз. Мұның өзі біздің әлемнің бәсекеге неғұрлым қабілетті елу елінің қауымдастығына қарай жедел қарқынмен жылжуымызды және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуды көздейді.

Әлбетте, мұның қажетті шарты – Қазақстан тауарлары мен көрсететін қызметін озық халықаралық стандарттардың сапалық деңгейіне шығару.

Бірақ бұл жеткіліксіз. Біз салмақты және салихалы тұр-ғыда экономикалардың барлық деңгейлеріндегі – бүгінгі әрі келешектегі өзіміздің нақты және кемел бәсекелестік артық-шылықтарымызды анықтап, пайдалана білуіміз керек.

Жүйелілік – біздің бүгінгі дүниедегі алдағы он жылдық-та жедел алға жылжуымыздың басты қағидасы, міне, осы.

Бұл үшін бізде барлық алғышарттар бар. Иелігімізде орасан зор аумақ бар, ұтымды географиялық және коммуникациялық – көліктік орналасуымызды алыңыз, оған табиғи ресурстарымыздың молдығын қосыңыз.

Біз өңірлік экономикада алдыңғы шептерге шықтық, халықаралық әріптестерімізбен сындарлы қатынастар орнат-тық, саяси және әлеуметтік – экономикалық тұрақтылыққа қол жеткіздік.

Қазақстан табиғи ресурстардың, әсіресе энергетика ресурстарының орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағында, бағам бойынша мұнайлы алғашқы он елдің қатарына қосарлық мұнай мен газ кен орындары бар. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Біздің міндет – Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру, ұлттық мүдделердің сақ-шысы бола алатын мемлекет қалыптастыру.

Қазақстандықтардың өмір сүру сапасының өсуі.

Екі мыңыншы жылға қарағанда жалпы ішкі өнімді еселеу жө-ніндегі міндеттерді келесі жылдың өзінде – ақ іске асыра ала-ды. Бұл көздеген мақсаты да, экономикалық өсудің көлденең тартар көрсеткіші де емес, бұл – қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту берудің қолда бар нақты мүмкіндігі. Жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студентте-рінің стипендияларын өсіріп, оларға білім алу гранттары мен кредиттері берілді. Бюджет саласының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысын үнемі көтеріп келеді. Аз қамтылған отбасыларына 18 жасқа толмаған балалары үшін ай сайынғы жәрдемақылар, ал көп балалы аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақылар төленуде. Балалар мен жасөспірімдердің белгілі бір зәру топтарын дәрі – дәрмекпен тегін қамтамасыз ету мәселесі де шешілуде.

Жыл сайын зейнеткерлік жәрдемақылардың мөлшері де үстеме артылып келеді. Бұрынғы еңбек өтіліне байланысты зейнетақылық төлемдерді сараланған түрде өсіру жүзеге асы-рылды. Бұл бір миллионнан астам адамды

қамтыды. Сонымен қатар әлді құрылымдар ардагерлерінің зейнетақылары көбейтілді. Барлық зейнетақылық және әлеуметтік төлемдер уақытылы – тиісті айында төленіп келеді.

Экономиканың тұрақты дамуы қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартқан үстіне жақсарта беруге жағдай туғызады. Бұл – біздің саясатымыздың әлеуметтік жемісі.

Президент бүгінгі күні Үкіметке халқымыздың әл-ауқа-тын жақсарта беру жолындағы жұмысты ары қарай жалғастыра беруді тапсырды.

Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айрық-ша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, ба-ланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе 2 есе арттырылуын тап-сырды.

Екіншіден, жұмыс істейтін әйелдердің жүктілігін, босану мен аналық кезін міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді. Бұл ретте декреттік демалыста және бір жасқа толғанға дейін нәресте күтімі жөніндегі демалыста жүрген кезінде олардың зейнетақылық жинақтаулары жүргізіле беруге тиіс.

Бұл жәрдемақыларды төлеу әлеуметтік салықты қайта бөлу есебінен құралған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бұған мемлекеттік бюджеттен қосымша 9,2 миллиард теңге бөлу талап етілді.

Үшіншіден, іргелік зейнетақының мөлшері ұлғайтылуы және таяудағы жылдары оның тұрмыстық ең төменгі қажет-тіліктің 40 пайызы деңгейінде сақталуы қамтамасыз етілді. Мұның өзі 1 миллион 675 мың іргелік зейнетақы алушыларды қамтиды, әрі оның мөлшері 2008 жылы шамамен бір мың теңгеге немесе 35 пайыздан аса артады. Ең төменгі зейнетақы-лық төлемдер 2008 жылы шамамен 1500 теңгеге немесе 15 пайызға көбейді.

Төртіншіден, зейнетақының мөлшерін бұрынғы еңбек өтіліне сүйеніп анықтаған кезде әділдік орнату үшін зейнеттік заңнамада көзделген зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табысты шектеу өзгертіліп, ол 15 мәрте айлық есептік көрсет-кіштен 25 мәртеге дейін арттырылды.

Ортақ зейнетақының орташа мөлшері 13 604 теңгеге немесе 25 пайыз артты. Ортақ зейнетақылар 2008 жылы 21285 теңгеге дейін немесе 76 пайыз өседі.

Бесіншіден, зейнетақы төлемдерін сатып алу қабілетін тұрақтандыру үшін зейнетақы төлемдерін индекстеу сақталды және ол тұтыну бағалары индексінің болжамды өсімінен екі пайыз арттырыла жүзеге асырылды.

Алтыншыдан, бюджет саласындағы жалақы 2007 жыл-ғы 1 қаңтардан бастап 30 пайыз арттырылды. Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін одан әрі жетіл-діру жөніндегі жұмысты жалғастыра беру қажет.

Жетіншіден, олардың мәртебесін арттыру, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, мәдинет және спорт сияқты салаларда кадрлар тарту мен кадрлық әлеуетті нығайту үшін 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыруға арнап, бір айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде жәрдемақы төлеу енгізіл-ді. 2008 жылы ғана бұл бюджетке 30,6 милииард теңгеге түседі.

Сегізіншіден, алдыңғы жылдары 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зиянды және ауыр еңбек жағдайында өтілін өткерген адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру жайында талай рет

мәселе көтерілді. Бүгінгі таңда мемлекеттің қазақстандықтарды әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту үшін осындай үлкен қаражат жұмсауға мүмкіндігі бар. Ендеше біз бұл мүмкіндікті пайдаланатын боламыз.

Тоғызыншыдан, үш жылдың ішінде 100 мектеп пен 100 аурухана салуды, әрі оларды еліміздің нақ осындай нысандарға мұқтаж болып отырған аудандарында салуды тапсырды. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды біз стратегиялық мін-дет дәрежесіне көтеруіміз керек .

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық жоспарлау процессін аймақ деңгейінде қарастыру.
2. Орта мерзімдік жоспардың негізгі көрсеткіштерін тұжырымдаңыз.

№9 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Облыстық орта мерзімді жоспар»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Аймақтық саясаттың мақсаты мен міндеттері. Аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен басымдылықтары. Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері мен құралдары.

Облыстардың орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Облыстардың орта мерзімді жоспарын бекіту және әзірлеу тәртібі. Орта мерзімді жоспардың іске асуын бақылау.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Экономиканың одан әрі өсімін қамтамасыз ету мен даму қарқынын сақтауға аймақ тұрғындарының әулиетін көтеруге бағытталған аймақтық және қалалық және облыстық бағдарламаларды әрі қарай жүзеге асыруды жалғастыру.

Облыстық іс-қимыл жоспары өнеркәсіпті, тіршілікті қамтамасыз ететін, көліктік инфрақұрылым мен байланысты дамыту, шағын кәсіпкерлік, баға саясаты, агроөнеркәсіптік кешені, қаржылар, әлеуметтік сала, әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет, спорт, оралмандар проблемаларын шешу, экология, халықтың қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қорғаныс және жұмылдыру дайындығы мәселелері, мемлекеттік аппаратты қамтиды.

Әлеуметтік сала және әлеуметтік қорғау бағытында 2300 жаңа жұмыс орнын құру. Жұмыспен қамту органдары арқылы жұмыссыздықты жою, жұмысқа орналастыру. Еңбек нарығындағы мониторинг жағдайын жүзеге асыруды үнемі жетілдіру. Мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі жұмысын күшейту. Әлеуметтік жауапкершілікті көтеру мақсатында азаматтардың әлеуметтік әлжуаз топтары үшін қайырымдылық акцияларын өткізу. Жалпы білім беретін мектептердің түлектерінің Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуына төлемдері үшін әлеуметтік көмек бөлу тәжірибесін

жалғастыру.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Маңғыстау облысы бойынша статистикалық мәліметтерге сүйене отырып 2006 жыл бойынша әлеуметтік салаға экономикалық талдау жүргізу.
2. Нәтижелерді кесте ретінде көрсету.

№10 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Кәсіпорынның даму бағытын анықтау»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Жоспарлау кәсіпорында менеджменттің алғашқы маңызды кезеңі ретінде қарастыру. Кәсіпорында жоспарлық қызметтің мәні мен сипаттамасына түсінік қалыптастыру. Ішкіфирмалық жоспарлардың типтерін білу. Кәсіпорындағы стратегиялық және оперативті (тактикалық) жоспарлау. Фирманың тактикасы мен стратегиясының түсінігі. Ұйымдағы жоспарлау қызметінің кезеңдері мен сатылары. Жоспарлардың жүйесі және оның элементтері.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Нақты кәсіпорын мәліметтерінің негізінде ұтымды басқару жүйесін таңдау. Кәсіпорын қызметінің бағытын анықтаудағы ішкі және сыртқы ортаны талдаудың ролі. Кәсіпорын қызметінің ориентирін анықтауда ішкі және сыртқы орта анализінің ролі. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасының элементтері. Кәсіпорын ортасының сын нүктелерін анықтау.

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

1. Алдағы 5-7 жылда ұйым қоршауы үшін анықтаушы болып табылатын ұйымға тән белгілерді ашып көрсету.
2. Үш фактор бойынша ұйым ортасының тұрақсыздық деңгейін анықтау (дағдылылық, өзгеріс қарқыны, болашағы).
3. Ұйым әрекеттерінің жүйесін анықтау.
4. Стратегиялық күтпеген жағдайлар жағдайындағы ұйымды басқару жүйесін таңдау.

Осы төрт қадам ұйым тәртібінің стратегиялық тұрғыдан ең ұтымды бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

№11 Лабораториялық жұмыс тақырыбы «Ұйымдағы стратегиялық пен бәсекелестік талдау және стратегияны қалыптастыру»

1. Лабораториялық жұмыстың мақсаты.

Көп жылдан бері әскери басшылар стратегия терминін қолданып келеді. «Стратегия» гректің – «генерал өнері» деген сөзінен шыққан. «Стратегия» термині осы уақытқа дейін жарыс, бәсеке мағынасында қолданылып келгенмен, қазіргі кезде бұл атау кәсіпорын қызметінің жалпы концепциясын білдіреді.

Стратегия дегеніміз ұйымның міндетті ісін орындауды және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспар жиынтығы болып саналады.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы, сол арқылы ұйымның өз мақсатына жетуі үшін басшы арнайы стратегияны іздестіреді.

Стратегиялық жоспарлау басқару шешімін қабылдауға қажетті құрал болып саналады. Оның басты міндеті – ұйымдағы жаңадан енгізілгендерді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету. Стратегиялық жоспарлау басқару қызметінің төрт түрін қамтиды: ресурстарды бөлу, сыртқы ортаға бейімделу, ішкі үйлестіру және ұйымдық стратегиялық болжамдау.

2. Жұмыстың орындалу технологиясы.

Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері.

1. Стратегияны көпшілік жағдайда жоғарғы басшылар тұжырымдайды, және жасайды, алайда оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейіндегілердің қатысуы көзделеді.

2. Стратегиялық жоспар жеке бір ұйымға ғана емес, бүкіл корпорацияның болашағы үшін жасалады.

3. Стратегиялық жоспар көлемді зерттеулермен және нақты деректермен негізделуі тиіс. Қазіргі әлемдегі бизнесмен тиімді бәсекелесу үшін, фирма сапа, рынок, бәсеке және басқадай факторлар туралы толып жатқан ақпаратты ұдайы жинауы, әрі талдауы тиіс.

4. Стратегиялық жоспар фирманың айқындылығын, дербестілігін білдіреді, мұның өзі олардың белгілі бір жұмыскерлерді тартуына ықпал етеді.

5. Стратегиялық жоспарды жасағанда, ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болуы тиіс.



1-схема. Стратегиялық жоспарлау моделі

Схемада ең елеулі басқару функциялары келтірілген сол арқылы жоспарлар жүзеге асырылады. АӨК кәсіпорынының қоғамға қатысты стратегиясын талдау және өңдеу

3. Тапсырманы орындау әдістемесі келесі сатыларды қарастырады.

Нақты кәсіпорын қызметіне талдау жүргізу және қоғамға қатысты стратегияны таңдау.

1. Кәсіпорын мақсаттарын таңдау.

2. Әртүрлі шектеулердің кәсіпорын қызметіне нақты немесе потенциалды әсерлерін бағалау.

3. Мүдделер бойынша келісілген кәсіпорын стратегиясын қоғамға қатысты өңдеу.

4. Аса тиімді әсер ету құралдарын қолдана отырып, кәсіпорынның қарама-қарсы мүдделерге ие топ мүшелерімен келіссөздер стратегиясын қалыптастыру,

5. Жұршылықпен өзара қатынастарды нығайтуға бағытталған шаралардың күнтізбелік жоспарын және оларды қаржылық, жарнамалық қолдау сметасын құрастыру.

«Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау» пәнінен рубеждік бақылау сұрақтары

I-нұсқа

1. Нарықтық шаруашылықтың әлеуметтік-нарықтық деп айқындалуына негізі не?

- A) бизнестің сыртқы ортасының динамизмнің өсуіне жауап ретінде тез дамып келе жатқан ғылым аймағы және басқару тәжірибесі;
- B) барлық дамушы елдердегі ішкі фирмалық жоспарлаудың әдістері құрамы;
- C) әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттік араласу арқылы өз азаматтарының қорғалуын жоғарғы деңгейде қамтамасыз етуі;
- D) адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы;
- E) ұйымды, ұйымдағы қызметкерлерді басқару;

2. Әкімшілік-құқықтық реттеудің мақсаты неде?

- A) құқық нормалары көмегімен адамдардың әртүрлі қызметі түрін, өкілеттілігі мен міндеттерін ұйымдастыру;
- B) тез құбылатын және қиын болжанатын ортада әрекет ету;
- C) бизнестің ғаламдануы процесін жандандыру;
- D) отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- E) басымдықты ғылыми зерттеулерді қаржыландыру;

3. Ақша-несие құралдары:

- A) салық саясаты, мемлекеттік бюджет шығындары, амортизациялық саясат;
- B) есеп саясаты, ақша эмиссиясын басқару, ашық нарықтардағы операциялар (күнды қағаздар нарығы);
- C) құқықтық реттеу механизмі, түрлі нормативтік актілер;
- D) стратегиялық мақсаттарды айқындау, болашаққа тенденцияларды жасақтау, әлеуметтік мәселелердің шешілу деңгейі бойынша көріністі алу, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын байланыстыру;
- E) салық саясаты, есеп саясаты, амортизациялық саясат;

4. Стратегиялық жоспарлау ғылымының пәні дегеніміз не?

- А) нарықтық экономиканың дамуын анықтаушы стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар жобасын, заңдарды жасақтау бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде қолдану үшін зерттеу, стратегиялық жоспарлаудың түрліше мәселелерін шешу әдіснамасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- В) негізгі капиталды жаңарту, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрессті тездету;
- С) экономикалық өсуді, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру үшін, отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- Д) құқық нормалары көмегімен адамдардың әртүрлі қызметі түрін, өкілеттілігі мен міндеттерін ұйымдастыру;
- Е) мемлекеттің ұлттық экономика және оның ұдайы өндірісінің қажетті барысын тұрақтандыруды, еркін тауар өндірушілердің жақсы қызмет етуінің жалпы жағдайларын қамтамасыз ету бойынша, олардың әлеуметтік қорғалуын кепілдеу бойынша жүргізілетін мақсатты қызмет;

5. Стратегиялық жоспарлау теориясында неше маңызды аспектіні бөліп қарастырады ?

- А) 2;
- В) 3;
- С) 4;
- Д) 5;
- Е) 8;

6. Макроэкономикалық жоспарлаудың мазмұны:

- А) нарықтық экономиканың дамуын анықтаушы стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар жобасын, заңдарды жасақтау бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде қолдану үшін зерттеу, стратегиялық жоспарлаудың түрліше мәселелерін шешу әдіснамасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- В) негізгі капиталды жаңарту, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрессті тездету;
- С) экономикалық өсуді, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру үшін, отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- Д) ұлттық экономиканың динамикасын және ондағы құрылымдық жылжуларды реттеу, халықтың жұмысбастылығын, басқа да әлеуметтік мәселелерді шешу (өмір сүру сапасы мен деңгейі, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының дамуы), экология сферасындағы шараларды жүзеге асыру, ғылымға қолдау көрсету, елдегі қаржылық ағымды бағыттау;
- Е) мемлекеттің ұлттық экономика және оның ұдайы өндірісінің қажетті барысын тұрақтандыруды, еркін тауар өндірушілердің жақсы қызмет етуінің жалпы жағдайларын қамтамасыз ету бойынша, олардың әлеуметтік қорғалуын кепілдеу бойынша жүргізілетін мақсатты қызмет;

7. Стратегиялық жоспарлау ғылымының теориялық-әдіснамалық жүйесінде неше құрылымдық элементті көруге мүмкіндік береді?

- A) 2;
- B) 3;
- C) 4;
- D) 5;
- E) 8;

8. Стратегиялық жоспарлаудың маңызды жалпы принциптері:

- A) талдау, жоспарлау (таңдау) және қабылданған шешімді жүзеге асыру;
- B) жоспарлау, ұйымдастыру, басшылық ету, үйлестіру, бақылау;
- C) мақсатты айқындау, көріністі (миссияны) қалыптастыру, стратегияны жасақтау;
- D) мақсатты айқындау, жоспарлау, үйлестіру, бақылау;
- E) саясатты басымдыққа ала отырып экономика мен саясаттың бірлігі, орталықтандыру мен дербестік бірлігі, басқару шешімдерінің тиімділігі мен ғылыми негізделуі, жалпы және жергілікті мүдделерді үйлестірудегі ынталандыру;

9. Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық концепциясының негізін қалаушы кім?

- A) Чарльз Перроу;
- B) Анри Файоль;
- C) Людвиг Эрхард;
- D) М.П.Фоллет;
- E) Абрахам Маслоу;

10. Нарықтық экономика жағдайларында ұлттық экономиканың дамуын реттеу функциясы айрықша маңызы нарықтық жүйенің келесідей кемшіліктерін игеру қажеттілігімен шартталады:

- A) біріккен еңбек жұмысының ұйымдастырылмауы;
- B) қоғамдық маңызға ие тауарлар мен қызмет өндірісі үшін стимулдың болмауы, жұмыс жасай алатындар мен жұмыс жасағысы келетіндердің еңбегіне кепілдіктің болмауы, азаматтардың тұрақты игілікті тұрмыс жағдайлары құқығына кепіл бере алмауы, тұрақты негізде ғылымдағы зерттеу жұмыстарының дамуына әсер етуге қабілетсіздігі, инфляциялық процестерге тұрақсыздығы;
- C) дәстүрлердің тозуы;
- D) ғылыми зерттеулерге шығындар бөлінуі, ҒТП аймағындағы мемлекеттік саясат, жаңа өнімдер;
- E) салық саясаты және осы сферадағы заңдар, сыртқы экономикалық заңдар, антимонополиялық заңдар, жалпы ұлттық өнім тенденциялары, өмір сапасы деңгейі;

11. Басқарудың басты (негізгі) субъектісі, бұл –

- А) макродеңгейде мемлекет, оған қатысты өкілетті, заңдық билік органдары, президент, аппараты және қызметкерлерімен, биліктің атқарушы органы – Үкімет; жергілікті билік органдары деңгейінде – сәйкесінше биліктің өкілетті және атқарушы органдары; коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдарда – әкімшілік-басқару аппараты;
- В) халық, олар өздерінің өкілдерін мемлекеттің билік органдарына сайлау арқылы, өз істерін басқарады; іскерлік кәсіпорындарда – жеке немесе ұжымдық меншік иелері;
- С) халықтың демографиялық құрылымы;
- Д) барлық әлеуметтік институттар, ұйымдар, топтар және жеке тұлғалар;
- Е) Президент және президент аппараты;

12. Стратегиялық жоспарлаудың нысандары және шаралардың мазмұнына байланысты көрсеткіштер төмендегідей топтарға бөлінеді:

- А) соңғы және аралық, натуралды және құндық, сандық және сапалық, көлемдік және жүйелік, абсолюттік және салыстырмалы, бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық);
- В) жүйелік-кешендік, жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық), жүйелік-мультипликациялық, жүйелік-нормативтік, жүйелік-үнем тәртібі, жүйелік-өсіңкі;
- С) эксперттік немесе эвристикалық әдістері, әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері, тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері, баланстық әдіс, экономика-математикалық әдістер және модельдер, жүйелік талдау мен синтез әдістері;
- Д) стандарттық, құрылымдалған, әлсіз құрылымдалған, құрылымдалмаған;
- Е) технико-экономикалық және экономикалық көрсеткіштер;

13. Стратегиялық мәселелердің құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты болжамдарды, бағдарламалар мен жоспарларды жасақтаудың бірнеше әдістері қолданылады:

- А) соңғы және аралық, натуралды және құндық, сандық және сапалық, көлемдік және жүйелік, абсолюттік және салыстырмалы, бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық);
- В) жүйелік-кешендік, жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық), жүйелік-мультипликациялық, жүйелік-нормативтік, жүйелік-үнем тәртібі, жүйелік-өсіңкі;
- С) эксперттік немесе эвристикалық әдістері, әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері, тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері, баланстық әдіс, экономика-математикалық әдістер және модельдер, жүйелік талдау мен синтез әдістері;
- Д) стандарттық, құрылымдалған, әлсіз құрылымдалған, құрылымдалмаған;
- Е) технико-экономикалық және экономикалық көрсеткіштер;

14. Әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері:

- A) жанама және толық емес ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген әдістер;
- B) әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындыратын әдістер;
- C) кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделетін әдістер;
- D) өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы;
- E) экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, перспективті дамудағы басты мәселелерді айқындайтын әдістер;

15. Баланстық әдіс:

- A) жанама және толық емес ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген әдістер;
- B) әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындыратын әдістер;
- C) кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделетін әдістер;
- D) өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы;
- E) экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, перспективті дамудағы басты мәселелерді айқындайтын әдістер;

16. Әлеуметтік саясат –

- A) мақсаты мен мазмұны адамдар арасындағы қатынас түрлері, әлеуметтік процестер мен қарым-қатынастардың барлық кешенін реттеу болып табылатын ішкі саясаттың маңызды бөлігі;
- B) бұл адамдардың өмір сүруіне қажетті материалдық және рухани игіліктер, әрекет ету сферасы;
- C) тұлғаның толықтай және еркін жетілуіне, тұтыну заттарын еркін таңдауға, еркін бәсекелестік принциптеріне негізделген шаруашылық;
- D) бұл азаматтардың, тауар және қызмет көрсетулерді өндірушілердің экономикалық еркіндігі мен дербестігі, еркін бәсекелестік және баға құрылымы, барлық меншік түрлері негізінде қызмет етуші, мемлекеттің

көмегімен ұлттық жалпы өнімнің әрбір азаматының нақты еңбегіне қатаң сәйкестеліп әділ бөлінуін қамтамасыз етуші және халықтың қорғансыз бөлігіне әлеуметтік кепілдемелерді ұсынушы әлеуметтік-экономикалық жүйе;

Е) жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі;

17. «Тұрмыс жағдайы» түсінігі

А) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

В) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

С) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

Д) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

Е) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

18. «Тұрмыс дәрежесі» түсінігі

А) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

В) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

С) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

Д) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

Е) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

19. «Тұрмыс сапасы» түсінігі

А) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

В) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

С) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

Д) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

Е) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

20. Әлеуметтік саясаттың басты нысаны?

А) бұл кәсіпорынның өнімі өтуі мүмкін белгілі бір түрде айқындалған нарықтың бөлігі;

В) функционалды маманданған басқару топтары;

С) мақсатты нарықтың бір немесе бірнеше сегменттерінде фирма стратегиясын жасауға жауапты ішкі фирмалық ұйымдық бөлік;

Д) жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі;

Е) қажеттіліктер мен тұтыну субъектісі, қоғамның тұтынушы күші болып табылатын елдің халқы;

II-нұсқа

1. Экономиканы және әлеуметтік қатынастарды реттеудің негізгі формалары:

- A) бизнестің сыртқы ортасының динамизмнің өсуіне жауап ретінде тез дамып келе жатқан ғылым аймағы және басқару тәжірибесі;
- B) барлық дамушы елдердегі ішкі фирмалық жоспарлаудың әдістері құрамы;
- C) басты мақсатқа жету үшін басымдықты мәселелер мен ресурстарды айқындаушы әрекеттер;
- D) құқық нормасы, бюджеттік-салықтық тұтқалар, ақша-несие құралдары және стратегиялық жоспарлау;
- E) ұйымды және ұйымдағы қызметкерлерді басқару;

2. Бюджеттік-салықтық тұтқалардың негізгі элементтері:

- A) салық саясаты, мемлекеттік бюджет шығындары, амортизациялық саясат;
- B) есеп саясаты, ақша эмиссиясын басқару, ашық нарықтардағы операциялар (құнды қағаздар нарығы);
- C) құқықтық реттеу механизмі, түрлі нормативтік актілер;
- D) стратегиялық мақсаттарды айқындау, болашаққа тенденцияларды жасақтау, әлеуметтік мәселелердің шешілу деңгейі бойынша көріністі алу, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын байланыстыру;
- E) салық саясаты, есеп саясаты, амортизациялық саясат;

3. Стратегиялық жоспарлау мүмкіндік береді:

- A) салық саясатын, мемлекеттік бюджет шығындарын, амортизациялық саясатты жасақтауға;
- B) есеп саясатын, ақша эмиссиясын басқаруды, ашық нарықтардағы операцияларды (құнды қағаздар нарығы) жүзеге асыруға;
- C) құқықтық реттеу механизмін, түрлі нормативтік актілерді құруға;
- D) стратегиялық мақсаттарды айқындауға, болашаққа тенденцияларды жасақтауға, әлеуметтік мәселелердің шешілу деңгейі бойынша көріністі алуға, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын байланыстыруға;
- E) салық саясатын, есеп саясатын, амортизациялық саясатты жасақтауға;

4. Стратегиялық жоспарлаудың нысаны?

- A) бұл кәсіпорынның өнімі өтуі мүмкін белгілі бір түрде айқындалған нарықтың бөлігі;
- B) функционалды маманданған басқару топтары;
- C) мақсатты нарықтың бір немесе бірнеше сегменттерінде фирма стратегиясын жасауға жауапты ішкі фирмалық ұйымдық бөлік;
- D) жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың

құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі;
Е) мақсатты нарықтың бір ғана сегментінде фирма стратегиясын жасауға жауапты ішкі фирмалық ұйымдық бөлік;

5. Стратегиялық жоспарлаудың мазмұны неде?

- А) нарықтық экономиканың дамуын анықтаушы стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар жобасын, заңдарды жасақтау бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде қолдану үшін зерттеу, стратегиялық жоспарлаудың түрліше мәселелерін шешу әдіснамасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- В) негізгі капиталды жаңарту, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрессті тездету;
- С) экономикалық өсуді, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру үшін, отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- Д) құқық нормалары көмегімен адамдардың әртүрлі қызметі түрін, өкілеттілігі мен міндеттерін ұйымдастыру;
- Е) ұлттық экономиканың, оның жекелеген бөлімдерінің дамуын реттеуді жоспарлы ұйымдастыру, коммерциялық құрылымдардың қызметін жоспарлау;

6. Микроэкономикалық жоспарлаудың мазмұны:

- А) нарықтық экономиканың дамуын анықтаушы стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар жобасын, заңдарды жасақтау бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде қолдану үшін зерттеу, стратегиялық жоспарлаудың түрліше мәселелерін шешу әдіснамасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- В) фирмалардың орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің қатаң бәсекелестік күрес жағдайында өмір сүруге қажетті алғышарттарды жасақтаушы стратегиялық бағдарламалары мен жоспарларын жасақтау;
- С) экономикалық өсуді, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру үшін, отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- Д) ұлттық экономиканың динамикасын және ондағы құрылымдық жылжуларды реттеу, халықтың жұмысбастылығын, басқа да әлеуметтік мәселелерді шешу (өмір сүру сапасы мен деңгейі, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының дамуы), экология сферасындағы шараларды жүзеге асыру, ғылымға қолдау көрсету, елдегі қаржылық ағымды бағыттау;
- Е) мемлекеттің ұлттық экономика және оның ұдайы өндірісінің қажетті барысын тұрақтандыруды, еркін тауар өндірушілердің жақсы қызмет етуінің жалпы жағдайларын қамтамасыз ету бойынша, олардың әлеуметтік қорғалуын кепілдеу бойынша жүргізілетін мақсатты қызмет;

7. Стратегиялық жоспарлау ғылымының теориялық-әдіснамалық жүйесіндегі құрылымдық элементтер:

- А) философияның, социологияның және экономиканың теориясы мен

әдіснамасы, жалпы ғылыми әдіснама, стратегиялық жоспарлау әдіснамасының жергілікті жүйесі;

В) таным теориясы, диалектика (табиғаттың, адам қоғамының және ойдың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары туралы ғылым), нарықтық экономиканың әрекет етуі теориясы;

С) бақылау, талдау және жинақтау (анализ бен синтез);

Д) индукция (жалқы, жеке жағдайлардан жалпы қорытындылар шығаратын ойлау тәсілі) және дедукция (ойлаудың жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшіп нәтиже шығаруы);

Е) дәстүрлер, аналогиялар (құбылыстардың өзара ұқсастығы), тарих пен қисын (логика) үйлесімі;

8. SWOT-талдау дегеніміз не?

А) корпорацияның болашағы үшін едәуір маңызды факторларды қарап отыру;

В) ресурстар мен мүмкіндіктердің дәл бағасын беру;

С) сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіп қатерін айқындау, сондай-ақ ұйымның мықты және әлсіз тұстарын айқындау;

Д) сыртқы ортаның қауіп қатері мен мүмкіндіктерін анықтау мен бағалау;

Е) кәсіпорынның қызметіне маңызды әсері болатын сфераларды талдау;

9. Әлеуметтік нарықтық шаруашылықтың басты міндеттерінің бірі:

А) ресурстар мен мүмкіндіктердің дәл бағасын беру;

В) кәсіпорынның өнімі өтуі мүмкін белгілі бір түрде айқындалған нарықтың бөлігін таңдау;

С) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету, нарықтық шаруашылық мүмкіндіктері ширегінде әлеуметтік-экономикалық процестерді макроэкономикалық басқару;

Д) барлық дамушы елдердегі ішкі фирмалық жоспарлаудың әдістері құрамын зерттеу;

Е) фирмалардың орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің қатаң бәсекелестік күрес жағдайында өмір сүруге қажетті алғышарттарды жасақтаушы стратегиялық бағдарламалары мен жоспарларын жасақтау;

10. Басқарудың тікелей субъектісі, бұл –

А) макродеңгейде мемлекет, оған қатысты өкілетті, заңдық билік органдары, президент, аппараты және қызметкерлерімен, биліктің атқарушы органы – Үкімет; жергілікті билік органдары деңгейінде – сәйкесінше биліктің өкілетті және атқарушы органдары; коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдарда – әкімшілік-басқару аппараты;

В) халық, олар өздерінің өкілдерін мемлекеттің билік органдарына сайлау арқылы, өз істерін басқарады; іскерлік кәсіпорындарда – жеке немесе ұжымдық меншік иелері;

- С) халықтың демографиялық құрылымы;
- Д) барлық әлеуметтік институттар, ұйымдар, топтар және жеке тұлғалар;
- Е) Президент және президент аппараты;

11. Тәжірибеде стратегиялық жоспарлауда әркелкі түрде болатын жүйелік амал қолданылады:

- А) жүйелік-кешендік амал, жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық) амал, жүйелік-мультипликациялық (лат. көбею) амал, жүйелік-нормативтік амал, жүйелік-үнем тәртібі амалы, жүйелік-өсіңкі амал;
- В) соңғы және аралық, натуралды және құндық, сандық және сапалық, көлемдік және жүйелік, абсолюттік және салыстырмалы, бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық); соңғы және аралық, натуралды және құндық, сандық және сапалық, көлемдік және жүйелік, абсолюттік және салыстырмалы, бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық);
- С) сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіп қатерін айқындау, сондай-ақ ұйымның мықты және әлсіз тұсын айқындау сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіп қатерін айқындау, сондай-ақ ұйымның мықты және әлсіз тұсын айқындау;
- Д) бағдарламалық-мақсаттық амал, ресурстар мен мүмкіндіктердің дәл бағасын беру;
- Е) жеке тенденцияларды және оқиғаларды болжау, көріністік талдау, факторлық талдау, эксперттік әдістер;

12. Стратегиялық жоспарлаудың мәселелері тобы:

- А) соңғы және аралық, натуралды және құндық, сандық және сапалық, көлемдік және жүйелік, абсолюттік және салыстырмалы, бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық);
- В) жүйелік-кешендік, жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық), жүйелік-мультипликациялық, жүйелік-нормативтік, жүйелік-үнем тәртібі, жүйелік-өсіңкі;
- С) эксперттік немесе эвристикалық әдістері, әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері, тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері, баланстық әдіс, экономика-математикалық әдістер және модельдер, жүйелік талдау мен синтез әдістері;
- Д) стандарттық, құрылымдалған, әлсіз құрылымдалған, құрылымдалмаған;
- Е) технико-экономикалық және экономикалық көрсеткіштер;

13. Эксперттік (бағалау) немесе эвристикалық әдістер:

- А) жанама және толық емес ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген әдістер;
- В) әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындыратын әдістер;

- С) кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделетін әдістер;
- Д) өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы;
- Е) экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, перспективті дамудағы басты мәселелерді айқындайтын әдістер;

14. Тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері:

- А) жанама және толық емес ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген әдістер;
- В) әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындыратын әдістер;
- С) кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделетін әдістер;
- Д) өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы;
- Е) экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, перспективті дамудағы басты мәселелерді айқындайтын әдістер;

15. Жүйелік талдау мен синтез әдістері:

- А) жанама және толық емес ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген әдістер;
- В) әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындыратын әдістер;
- С) кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделетін әдістер;
- Д) өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы;
- Е) экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, перспективті дамудағы басты мәселелерді айқындайтын әдістер;

16. Әлеуметтік саясат –

- А) мақсаты мен мазмұны адамдар арасындағы қатынас түрлері, әлеуметтік процестер мен қарым-қатынастардың барлық кешенін реттеу болып

табылатын ішкі саясаттың маңызды бөлігі;

В) бұл адамдардың өмір сүруіне қажетті материалдық және рухани игіліктер, әрекет ету сферасы;

С) тұлғаның толықтай және еркін жетілуіне, тұтыну заттарын еркін таңдауға, еркін бәсекелестік принциптеріне негізделген шаруашылық;

Д) бұл азаматтардың, тауар және қызмет көрсетулерді өндірушілердің экономикалық еркіндігі мен дербестігі, еркін бәсекелестік және баға құрылымы, барлық меншік түрлері негізінде қызмет етуші, мемлекеттің көмегімен ұлттық жалпы өнімнің әрбір азаматының нақты еңбегіне қатаң сәйкестеліп әділ бөлінуін қамтамасыз етуші және халықтың қорғансыз бөлігіне әлеуметтік кепілдемелерді ұсынушы әлеуметтік-экономикалық жүйе;

Е) жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі;

17. «Тұрмыс жағдайы» түсінігі

А) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

В) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

С) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

Д) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

Е) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

18. «Тұрмыс дәрежесі» түсінігі

А) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

В) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

С) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық

денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

D) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

E) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

19. «Тұрмыс сапасы» түсінігі

A) тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы);

B) бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі;

C) бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым;

D) халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау;

E) қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;

20. Әлеуметтік саясаттың басты нысаны?

A) бұл кәсіпорынның өнімі өтуі мүмкін белгілі бір түрде айқындалған нарықтың бөлігі;

B) функционалды маманданған басқару топтары;

C) мақсатты нарықтың бір немесе бірнеше сегменттерінде фирма стратегиясын жасауға жауапты ішкі фирмалық ұйымдық бөлік;

D) жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі;

E) қажеттіліктер мен тұтыну субъектісі, қоғамның тұтынушы күші болып табылатын елдің халқы;

**ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлау теориясының пәні

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық мелекеттік реттеудің, сонымен қатар әлеуметтік экономикалық болжау мен жоспарлаудың объектісі ретінде. Әлеуметтік –экономикалық проблемаларды шешуде мемлекеттің ролі. Экономиканың мемлекеттік басқарудың түрлері. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау мемлекеттік басқарудың бір формасы ретінде. Нарықтық жағдайдағы әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлаудың объективті қажеттілігі мен мүмкіндігі. Жоспарлаудың түсінігі. Болжау мен жоспарлаудың арақатынасы. Жоспарлаудың деңгейлері. Жоспарлаудың пәні. Жоспарлаудың объектілері мен субъектілері.

Жоспарлау ғылымының қоғамдық және әлеуметтік – экономикалық ғылымдармен байланысы. Міндеттер мен курстың құрылымы.

Әлемнің кез-келген елінде қоғамның тіршілік әрекетінің бірнеше аспектілері бар: экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және рухани. Олардың барлығы қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың әртүрлі формаларында өтуі мүмкін. Яғни, олардың негізінде нарықтық қатынастар немесе қатаң мемлекетпен орталықтандырылып басқарылатын қатынастар болуы мүмкін.

Нарықтық қатынастар тұтыну құралдары мен өндіріс жабдықтарына жеке меншікке, тауар өндірушілердің еркін қызметіне, еркін бәсекелестік пен баға құрылымына, адамның өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз етуге қызмет түрін еркін таңдауға, экономика ашықтығына негізделген. Орталықтандырыла басқарылатын экономиканың сипаттамалық белгілері: өндіріс жабдықтарына мемлекеттік меншік; халық шаруашылығы жүйесінің барлық деңгейлерінен өтетін жоспарлау; өндірістің жоғары деңгейі және оның мемлекеттік кәсіпорындарда монополиялануы; қоғамның жоғарғы мақсаты болып адамның жан-жақты дамуы; елдің біртұтас халықшаруашылығы кешенінің жабықтығы.

Қазіргі заманғы өркениеттің даму тәжірибесі нарықтық қатынастар жүйесінің командалық-әкімшілік, бюрократиялық жүйемен салыстырғанда қоғамның тіршілік әрекетінің барлық аспектілерінің тиімдірек қызмет етуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, бұл тәжірибе тағы бір тұжырымға негіз береді – нарықтық қатынастар жүйесіне негізделген барлық елдер қоғам өмірінде өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеудің әдістерін түрліше бейнеде кеңінен қолданады.

Қазіргі нарықтық шаруашылық әдетте, адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сонымен қатар, көптеген өнеркәсіптік дамыған елдерде ол әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттік араласу арқылы өз азаматтарының қорғалуын жоғарғы деңгейде қамтамасыз етеді (құрылған игіліктерді қайта бөлу, салық саясаты, құқықтық қамтамасыз ету және т.б.). Бұл мұндай шаруашылықтың әлеуметтік-нарықтық деп айқындалуына негіз болды.

Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық концепциясының негізін қалаушы және соғыстан кейінгі жылдардағы Германияның шаруашылық реформасын ұйымдастырушы ФРГ халық шаруашылығы министрі, кейін оның канцлері Людвиг Эрхард болатын. Оның концепциясының мазмұны 1956ж. шығарылған «Барлығына арналған игілік» кітабында баяндалады. Ол Ресейде 1960ж., кейін 1991ж. қайта шығарылған. Ол әлеуметтік-нарықтық шаруашылыққа былайша анықтама берген болатын: «тұлғаның толықтай және еркін жетілуіне, тұтыну заттарын еркін таңдауға, еркін бәсекелестік принциптеріне негізделген шаруашылық». «Экономиканың кез-келген жетістігі, еңбек өнімділігінің кез-келген жоғарылауы халық игілігіне арналады және тұтынушылардың қажеттіліктерін жеткілікті қамтамасыз етуге қызмет етеді, нарықтық шаруашылықтың әлеуметтік мәні де сонда» деген.

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық мемлекеттің саясаты концепциясы экономиканың, тұтастай қоғамның еркін, экономикалық тиімді, берік, әлеуметтік және шынайы құрылымына мақсатталған. Оны капитализм мен орталықпен басқарылатын экономика арасындағы «үшінші жол» деп қарастыруға болады.

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық азаматтарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызметтің нәтижесінде жаңа сапаға ие болған нарықтық экономиканың бір моделі болғандықтан, оған келесідей анықтама беруге болады:

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық – бұл азаматтардың, тауар және қызмет көрсетулерді өндірушілердің экономикалық еркінді мен дербестігі, еркін бәсекелестік және баға құрылымы, барлық меншік түрлері негізінде қызмет етуші, мемлекеттің көмегімен ұлттық жалпы өнімнің әрбір азаматының нақты еңбегіне қатаң сәйкестеліп әділ бөлінуін қамтамасыз етуші және халықтың қорғансыз бөлігіне әлеуметтік кепілдемелерді ұсынушы әлеуметтік-экономикалық жүйе.

Бұл анықтамадан әлеуметтік нарықтық шаруашылықта өз азаматтарының әлеуметтік мәселелерін шешуде мемлекеттің рөлінің айтарлықтай күштілігін байқауға болады. Осылайша, оның басты міндеттері келесіде:

- елдегі сенімді құқықтық тәртіпті нығайту және қолдау;
- ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік инфрақұрылым салаларын дамыту (білім беру, денсаулық сақтау, ғылым және өнер т.б.);
- бәсекелестік күрес аймағында заңның сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- қоғамның әлсіз мүшелері үшін еңбек құқығы аймағында кепілдемелер мен әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны сақтау үшін талаптарды жасақтау және жүзеге асыру;
- нарықтық шаруашылық мүмкіндіктері ширегінде әлеуметтік-экономикалық процестерді макроэкономикалық басқару.

Бұл міндеттердің мемлекетпен тиімді шешілуі келесі мақсаттар бойынша жетістіктерге жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: а) халық өмірінің сапасы мен деңгейін арттыру; ә) баға деңгейі тұрақтылығын қамтамасыз ету; б) жұмыбастылықтың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету; в) әлеуметтік әділдік пен әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің тиімді қызмет етуін қолдау.

Кез-келген экономикалы (нарықтық немесе нарықтық емес) қоғамда экономикалық және әлеуметтік прогрессті қамтамасыз ету, ондағы процестерді **басқарусыз** мүмкін емес. Оның астарында не түсіндіріледі? Яғни, басқару субъектісінің оның нысандарына, өзгермелі сыртқы орта жағдайларына бейімделе отырып, оның дұрыс қызмет етуін сақтауды қамтамасыз ету үшін саналы, мақсатты, жоспарлы әсері жүйесі.

Басқару субъектілері басқару әрекеттерін жүзеге асырушы, яғни шешім қабылдаушы және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші әлеуметтік институттар, ұйымдар, адамдар топтары және жеке тұлғалар болып табылады. Басқару субъектілерінің екі түрін ажыратады: тікелей және негізгі. **Басқарудың тікелей субъектісі:** а) макродеңгейде мемлекет, оған қатысты өкілетті, заңдық билік органдары, президент, аппараты және қызметкерлерімен, биліктің атқарушы органы – Үкімет; б) жергілікті билік органдары деңгейінде – сәйкесінше биліктің өкілетті және атқарушы органдары. Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдарда – әкімшілік-басқару аппараты. **Басқарудың басты субъектісі** халық болып табылады, олар өздерінің өкілдерін мемлекеттің билік органдарына сайлау арқылы, өз істерін басқарады. Іскерлік кәсіпорындарда басқарудың басты субъектісі, олардың жеке немесе ұжымдық меншік иелері болып табылады.

Өз кезегінде басқару нысаны болып басқару әсерін сезінетін, оларға тікелей еңбектік қызметі арқылы жауап қайтаратын барлық әлеуметтік институттар, ұйымдар, топтар және жеке тұлғалар.

Қоғамдық жүйелерде басқару **екі жақты сипатқа** ие. Бір жағынан, ол тікелей өндіріс процесі функциясы болып табылады, яғни еңбек процесі функциясы, нақты экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, саяси және технологиялық жағдайда адамдардың қызметін реттеу. Бұл басқарудың ұйымдық-техникалық жағы. Алайда еңбек кооперациясы, біріккен еңбек жұмысын ұйымдастыру өндіріс құралдарына меншік иесіні арқылы жүзеге асырылады, немесе оның тапсыруымен кәсіби басқарушы-менеджерге жүктеледі. Сондықтан, екінші жағынан, басқару әрқашан өндіріс құралдарына меншіктің функциясы болады. Және бұл басқарудың әлеуметтік-экономикалық жағы. Және де осы басқармалық қызметтің мақсаттарын, сипатын және құралдарын айқындайды.

Басқарудың мәні оның негізгі функцияларында ашылады. Олар:

1. Басқарушылық шешімдерді дайындау және қабылдау.
2. Басқарушылық шешімдердің орындалысын ұйымдастыру.
3. Шешімдердің орындалуын ынталандыру.
4. Шешімдердің орындалу жүрісін есептеу және талдау.
5. Шешімдердің орындалу процесін реттеу.

Нарықтық экономика жағдайларында ұлттық экономиканың дамуын реттеу функциясы айрықша маңызға ие. Оның маңызы нарықтық жүйенің келесідей кемшіліктерін игеру қажеттілігімен шартталады:

1. қоғамдық маңызға ие тауарлар мен қызмет өндірісі үшін стимулдың болмауы;
2. жұмыс жасай алатындар мен жұмыс жасағысы келетіндердің еңбегіне кепілдіктің болмауы;
3. азаматтардың тұрақты игілікті тұрмыс жағдайлары құқығына кепіл бере алмауы;
4. тұрақты негізде ғылымдағы зерттеу жұмыстарының дамуына әсер етуге қабілетсіздігі;
5. инфляциялық процестерге тұрақсыздығы.

Бұл мәселелерді қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерге әртүрлі түрде араласу арқылы мемлекет қана шешеді.

Экономиканы және әлеуметтік қатынастарды реттеу – бұл мемлекеттің ұлттық экономика және оның ұдайы өндірісінің қажетті барысын тұрақтандыруды, еркін тауар өндірушілердің жақсы қызмет етуінің жалпы жағдайларын қамтамасыз ету бойынша, олардың әлеуметтік қорғалуын кепілдеу бойынша жүргізілетін мақсатты қызметі. Оның негізгі формалары:

- құқық нормасы;
- бюджеттік-салықтық тұтқалар;
- ақша-несие құралдары және
- стратегиялық жоспарлау.

Әкімшілік-құқықтық реттеудің мақсаты – құқық нормалары көмегімен а) адамдардың әртүрлі қызметі түрін; ә) өкілеттілігі мен міндеттерін ұйымдастыру. Құқықтық реттеу механизмін әртүрлі нормативтік актілер (заңдар, нұсқаулар, заңнамалық актілер) құрайды.

Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің маңызды құрылымдық элементі **бюджеттік-салықтық тұтқалар** болып табылады. Бұл негізгі элементтері:

1. Салық саясаты. Ол экономикалық өсуді, ғылыми-техникалық прогрессті ынталандыру үшін, отандық тауарлардың экспорттық бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін пайдаланылады.
2. Мемлекеттік бюджет шығындары. Олардың көмегімен жүзеге асырылады: а) келесілерге бағытталатын мемлекеттік инвестицияларды қаржыландыру: 1) басымдықты ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету бағдарламалары, инфрақұрылымды жетілдіру бағдарламаларын жасақтау және жүзеге асыру, жоғары білікті кәсіби мамандарды дайындау бағдарламалары; 2) экспорттық потенциал арнайы бағдарламаларын жүзеге асыру, негізгі капитал және оның өнімділігі өсімін модернизациялауға қаржылай марапаттар; 3) табиғатты үнемді пайдалану және табиғатты қорғау шараларын қаржыландыру; ә) әлеуметтік инфрақұрылым салаларын

қаржыландыру; б) мемлекеттік материалдық резервтерді толтыру үшін, басқа да жалпы мемлекеттік қажеттіліктер үшін мемлекеттік ресурстарды сатып алу. Сонымен қатар мемлекеттік шығындар инфляциямен күрес құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3. Амортизациялық саясат, оның көмегімен негізгі капиталды жаңарту, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрессті тездету қамтамасыз етіледі.

Ақша-несие құралдары:

- Есеп саясаты (ҰБ, учетная ставка).
- Ақша эмиссиясын басқару.
- Ашық нарықтардағы операциялар (құнды қағаздар нарығы).

Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінде **стратегиялық жоспарлау** ерекше орынға ие. Ол мүмкіндік береді:

1. экономиканың жағдайы мен нақты мезгілдегі әлеуметтік мәселелердің шешілу деңгейі бойынша көріністі білуге;
2. болашаққа экономиканың дамуына, әлеуметтік қатынастардың дамуына қазіргі заманғы тенденцияларды жасақтауға;
3. сәйкесінше басқару субъектілерінің жетістіктеріне жету үшін ұмтылуға тиіс стратегиялық мақсаттарды айқындауға;
4. қойылған мақсаттарды, оларға жеткізуге қажетті ресурстардың барлық түрлері құрылымы және көлемімен байланыстыруға;
5. елдің алдында тұрған маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларын біртұтас болуы үшін байланыстыруға;
6. бюджеттік-салықтық және ақша-несиелік құралдарды стратегиялық міндеттерге жету механизміне кешенді, үйлесімді ендіруді қамтамасыз етуге;
7. елдің іскерлік әлеміне ішкі және әлемдік нарық құрылымы бойынша көріністі алуға, ондағы тенденцияларды білуге және өз мүддесін жүзеге асыра отырып, осы үрдіске қосылуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың жүйесі

Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлау жүйесінің жалпы сипаттамасы. Жоспарларды, жоспарлы және құжаттар. Жоспарларды зерттеулер мен өңдеулер. Жоспарлардың жүйесі. Жоспарлаудың уақытша және кең құрылымы. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативті және стратегиялық жоспарларының негізгі бөлімдері мен кескіндерінің, сонымен қатар фирмалардың (кәсіпорындардың) әлеуметтік – экономикалық даму жоспарларының жалпы сипаттамасы.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемесі

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың әдістемелік жүйесінің құрылымдық элементтері. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен

жоспарлаудың логикасы, оның мазмұны. Әлеуметтік – экономикалық болжау мен жоспарлауға жүйелі түрде келудің маңыздылығы. Жоспарлаудың әдістемелік принциптері мен сипаттамалары. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудағы көрсеткіш түсінігі және классификациясы.

Болжау мен жоспарлауды өңдеу әдістері туралы түсінік. Сараптамалық және жоспарлық әдістер. Жоспарлы жобалар мен есептемелердің жұмыс қабылдауы. Болжау мен жоспарлаудың іріленген әдістері, толық есептеу әдістері. Факторлар бойынша жоспарлы есептің әдісі. Экстраполяция. Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудағы эксперттік бағалар. Жоспарлаудағы әлеуметтік салыстырулардың, әлеуметтік үлгілер мен көшулердің әдістері.

Бағдарламалық – мақсаттық әдіс. Нормативті әдіс: техникалық – экономикалық, экономикалық әлеуметтік нормалар мен нормативтер. Вариантты жақындаулардың әдісі. Жүйелі жақындаудың әдісі. Жоспарлаудың баланстық әдісі. Материалдық, еңбек, қаржы және әлеуметтікбаланстар. Сын жол әдістері. Формалды және формалды емес оптимизацияның әдістері. Экономикалық - математикалық әдістер.

Әлеуметтік – экономикалық жоспарлаудың құрылымы

Болжамдау мен жоспарлауды ұйымдастыру. Жоспарлау органдарының жүйесі. ҚР-ң экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, оның құрылымы мен негізгі функциялары. Жоспарлаудың салалық және аймақтық органдары. Жоспарлаудың жергілікті (фирмашілік) органдары. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың технологиясы. Мемлекеттік жоспарды бекіту мен өңдеудің кезеңдері мен жүйелілігі. Жоспарлы іс-шаралар мен көрсеткіштерді орындаушыларға жеткізу. Мемлекеттік жоспардың орындалуын қамтамасыз ету және бақылау.

Шет елдердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлау.

Дамыған мемлекеттердегі әлеуметтік-экономикалық жоспарлауды оқып-білудің маңыздылығы. Стратегиялық жоспарлаудың қалыптасуы. Стратегияның негізгі мектептері. Стратегиялық басқарудың негізгі стильдері.

АҚШ мемлекетіндегі экономикалық және әлеуметтік реттеудің тәжірибесі: экономикалық – математикалық модельдеу және болжау, бюджеттеудің перспективалы баланстары. АҚШ мемлекетіндегі ішкіфирмалық жоспарлау тәжірибесі.

Франциядағы әлеуметтік – экономикалық жоспарлау тәжірибесі. Франциядағы ұлттық жоспарлауды қалыптастырудың бағыттары.

Жапониядағы әлеуметтік-экономикалық жоспарлау тәжірибесі. Жоспарлы және нарықтық реттеудің арақатынасы ҚХР әлеуметтік – экономикалық дамудың негізгі ретінде.

Стратегиялық жоспарлау ғылымының пәні нарықтық экономиканың дамуын анықтаушы стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар жобасын, заңдарды жасақтау бойынша мүмкіндіктерді тәжірибеде қолдану үшін зерттеу, стратегиялық жоспарлаудың түрліше мәселелерін шешу әдіснамасын жетілдіру және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру болып

табылады.

Стратегиялық жоспарлаудың нысаны – жақын және ұзақ мерзімді перспективадағы болашақ жағдайы бағыты тұрғысынан елдің тұтастай ұлттық экономикасы, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтері, шаруашылық субъектілері қызметі.

Стратегиялық жоспарлау теориясында үш аса маңызды аспектіні бөліп қарастырады.

1. **Әлеуметтік-экономикалық.** Ол әлеуметтік-экономикалық процестердің дамуын анықтаушы нақты заңдылықтарды зерттеуден тұрады. Бұл заңдылықтарды тану барлық деңгейлердегі және уақыттық өлшемдегі стратегиялық болжамдарды, бағдарламалар мен жоспарлар жобаларын ғылыми негіздеуге негіз болады.
2. **Стратегиялық жоспарлаудың әдіснамасы.** Ол әлеуметтік-экономикалық процестерді білу және осы білімді оларды мемлекеттік реттеу процесінде пайдалану, сондай-ақ шаруашылық субъектілері қызметін жоспарлау құралын ұғындырады. Мұның барлығы мүмкін болуы үшін және тиімді жүзеге асырылуы үшін стратегиялық жоспарлау нысанының – тұтастай ұлттық экономиканың, оның жеке бөлімдері мен коммерциялық ұйымдардың дамуы мәні мен заңдылықтары бойынша дәл де нақты көрініс болуы қажет, сонымен бірге тікелей барлық жоспарлау жұмысы процедураларын білу, логиканы, әдіснамалық бағыттарды, стратегиялық жоспарлаудың мәселелерін шешу әдістерінің жүйесін жетілдіру, білімді тәжірибеде қолданып білу қажет.
3. **Ұйымдастырушылық.** Ол стратегиялық жоспарлау процесіне қатысушы органдар жүйесі жұмысын ұйымдастыру, олармен орындалатын функцияларды анықтау, олармен шешілетін міндеттерге байланысты сұрақтар кешенін, сондай-ақ стратегиялық жоспарлаудың ақырғы нәтижесін белгілі-бір ұйымдық формаға келтіруді қамтиды.

Стратегиялық жоспарлаудың мазмұны ұлттық экономиканың, оның жекелеген бөлімдерінің дамуын реттеуді жоспарлы ұйымдастыру, коммерциялық құрылымдардың қызметін жоспарлау болып табылады. Мұнда ең алдымен, макроэкономикалық стратегиялық жоспарлау арқылы ұлттық экономиканың динамикасын және ондағы құрылымдық жылжуларды реттеу, халықтың жұмысбастылығын, басқа да әлеуметтік мәселелерді шешу (өмір сүру сапасы мен деңгейі, әлеуметтік инфрақұрылым салаларының дамуы), экология сферасындағы шараларды жүзеге асыру, ғылымға қолдау көрсету, елдегі қаржылық ағымды бағыттау жөнінде сөз болып отыр. Микродеңгейде, фирмалардың орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің қатаң бәсекелестік күрес жағдайында өмір сүруге қажетті алғышарттарды жасақтаушы стратегиялық бағдарламалары мен жоспарларын жасақтау болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау ғылымы басқару ғылымымен, ең алдымен менеджментпен, экономикалық теориямен, философиямен, қаржылық ғылымдармен, саясаттанумен тығыз байланысты. Экономикалық және әлеуметтік дамуды стратегиялық жоспарлау процесінде статистика, шаруашылық қызметті талдау, аудит, бухгалтерлік есеп секілді салалық экономика және функционалды ғылымдармен қолданылатын нақты мәліметтер мен зерттеу әдістері, тұжырымдамалар пайдаланылады. Стратегиялық жоспарлау ғылымы математикаға, техникалық және жаратылыс ғылымдарына сүйенеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК –ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Стратегиялық жоспарлаудың әдістемелік негіздері

Стратегиялық жоспарлаудың пайда болуы. Шет елдегі негізгі стратегиялардың мектептері. Стратегия туралы түсінік. Базалық және функционалдық стратегиялар. Стратегиялық балама. Стратегияны жүзеге асыру кезеңі ретінде стратегиялық жоспарлау және стратегиялық басқару. Аймақтық стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін анықтау. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарының тиімділігінің көрсеткіштері.

Стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін анықтаудың әдістемелік негіздері

Стратегиялық жоспарлаудың мәні және негізгі мақсаттары. Басқарушылық шешімдердің тиімділігін анықтаудың негізгі қадамдары. Әлеуметтік – экономикалық жүйенің тиімді қызмет етуінің негізгі фактолары. Стратегиялық жоспарлау мен басқарудың тиімділігін бағалаудың критерийлары. Стратегиялық жоспарлардың жүзеге асыру тиімділігінің интегралдық көрсеткіші. Аймақтық стратегиялық жоспардың тиімділігін анықтау. Кәсіпорындардың стратегиялық жоспарларының тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоғамның әлеуметтік дамуының стратегиялық жоспарлау

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік проблемаларын реттеудің басты құралы. Қоғамның әлеуметтік саясатын әзірлеудің негізгі принциптері.

Халықтың өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлау. «Халықтың әлауқаттылығы» категориясының мазмұны және оның «өмір сүру жағдайы», «өмір сүру деңгейі», «өмір сүрудің сапасы», сияқты түсініктермен байланысы. Өмір сүру деңгейін болжауда қолданылатын көрсеткіш жүйесі.

Халық кірісінің негізгі түрлері және оларды есептеудің әдістемесі. Халықтың кірістері мен шығындарының баланстық схемасы. Халықтың күн көру минимумын есептеудің әдістері. Кедейшілік проблемасы және оны жоспар негізінде шешудің мүмкіндіктері.

Ғылыми-техникалық прогресті стратегиялық жоспарлау

Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) қоғамдық – экономикалық

заңдылық ретінде және оның маңыздылығы. ҒТП – ның мерзімделуі (периодизация). Нарықтық экономикада зерттеу және өңдеу жүйесін құрудағы негізгі модельдер. Дамыған мемлекеттердің ғылыми-техникалық саясаттарының маңызды факторлары: өндіріс компанияларының жоғары инновациялық белсенділігі, бәсекеге қабілетті фирмалардың болуы, елдердің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті дәрежеге бағытталуы; экономикалық өмірдің аса маңызды аймақтарын мемлекеттік реттеу.

Қазақстан экономикасының құрылымдық ерекшеліктері және елдің индустриалды – инновациялық дамуын жеделдетудің объективті қажеттілігі. Қазақстанның қазіргі мемлекеттік индустриалды – инновациялық саясаты және негізгі басымдылықтары.

ҒТП-ы стратегиялық жоспарлауда қолданылатын көрсеткіштердің жүйесі. ҒТП-ы сипаттайтын көрсеткіштерге қойылатын талаптар.

ҒТП-ы басқару әдістері Қазақстанның индустриалды – инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға дейінгі стратегиясы. Маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды шешудің мақсаттық бағдарламалары және оларды әзірлейтін негізгі кезеңдері.

Қазақстанда ҒЗТҚЖ-ды қаржыландырудың негізгі көздері.

Ұлттық экономиканың құрылымын, пропорциясын және қарқынының стратегиялық жоспарлау

Қоғамның экономикалық потенциалының түсінігі. Нарықтық экономика жағдайында қоғамның экономикалық потенциалын қолданудың тиімділігін арттыру және оның негізгі аспектілері. Экономикадағы пропорцияның түрлері: жалпыэкономикалық; салааралық; ішкі салалық; ішкі өндірістік. Пропорциялардың жиынтығы ретінде экономикалық құрылым туралы түсінік. Экономика құрылымының түрлері: өндірістік, әлеуметтік, салалық, аймақтық.

Біртектілік дәрежесіне қарай тиімділікті көрсетудің тобы: тиімділіктің қорытынды көрсеткіштері, еңбек тиімділігінің көрсеткіштері, өндірістік қорлар мен капитал енгізулердің тиімділік көрсеткіштері; материалды ресурстар тиімділігі көрсеткіштері. Жаңа техниканың тиімділік көрсеткіштері; сыртқы экономикалық байланыстардың тиімділік көрсеткіштері.

Й.Шумптердің экономиканы циклдық жаңарту теориясы. Н.Кондратьевтың, П.Миллюковтың, М.Туган- Барановскийдің экономиканың өзгеруінің циклдылығы туралы ілімдері.

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңдегі құрылымы және негізгі тенденциялары. Экономикалық ілгерілеу туралы түсінік. Экономикалық ілгерілеудің негізгі көрсеткіштері, факторлары, бағыттары мен болжамдары. Экономикалық ілгерілеуді болжаудың әдістері; экономикалық – математикалық әдістер (өндірістік функциялардың моделі, әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу т.б.), баланстық әдістер, ұлттық есеп жүйесін пайдалану (ҰЕП) т.б.

Аймақтық дәрежеде стратегиялық жоспарлау

Аймақтық стратегиялық жоспар туралы түсінік. Аймақтық стратегиялық жоспарларды әзірлеудің негізгі қағидалары. Аймақтық стратегиялық

жоспардың құрылымы: аймақтың қазіргі әлеуметтік – экономикалық жағдайына баға беру, аймақтың жоспарланған кезеңдегі миссиясы мен дамуының басты мақсаты, экономикалық даму, әлеуметтік даму, күтілетін нәтижелер. Стратегиялық міндеттерді орындауда SWOT- талдауды қолдану. SWOT – талдауды жүргізудің кезектілігі. SWOT – таптаудың негізгі нәтижелері.

Кез-келген ғылымның әдіснамасы өзі арқылы жалпы дүние танымдық, жалпы әдіснамалық принциптердің, танымның жалпы ғылыми әдістерінің және жеке әдіснаманың өзінің табиғи негізгі бірлігін ұғындырады.

Бұл стратегиялық жоспарлау ғылымының теориялық-әдіснамалық жүйесінде үш құрылымдық элементті көруге мүмкіндік береді: олардың біріншісі – философияның, социологияның және экономиканың теориясы мен әдіснамасы. Ол стратегиялық жоспарлау ғылымының жалпы және басты теориялық-әдіснамалық элементі болып табылады; екінші элемент – бұл жалпы ғылыми әдіснама; үшінші элемент – стратегиялық жоспарлау әдіснамасының жергілікті жүйесі.

Стратегиялық жоспарлаудың бірінші құрылымдық элементінің негізінде таным теориясы, диалектика (табиғаттың, адам қоғамының және ойдың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары туралы ғылым), сондай-ақ нарықтық экономиканың әрекет етуі теориясы жатыр.

Стратегиялық жоспарлау ғылымының екінші құрылымдық элементіне бақылау, талдау және жинақтау (анализ бен синтез), индукция (жалқы, жеке жағдайлардан жалпы қорытындылар шығаратын ойлау тәсілі) және дедукция (ойлаудың жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшіп нәтиже шығаруы); дәстүрлер, аналогиялар (құбылыстардың өзара ұқсастығы), тарих пен қисын (логика) үйлесуі, әлеуметтік-экономикалық процестердің жасалуы, дерексізділіктен (абстракт) нақтылыққа өту секілді өте жақсы дамыған жалпы ғылыми әдістер қамтылған.

Үшіншісі – тұтастай қоғамның және қоғамның әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің дамуының стратегиялық болжамдары, бағдарламалары мен жоспарлары түрінде басқару шешімдері кешенін жасаумен байланысты теориялық және тәжірибелік әрекеттерді құру және ұйымдастыру принциптері мен әдістері жүйесін білдіреді.

Философияда ғылымның әдіснамасы деп теориялық және тәжірибелік іс-әрекетті құру мен ұйымдастырудың принциптері және әдістері жүйесі, сондай-ақ осы жүйе бойынша оқу түсіндіріледі.

Берілген анықтамаға сүйене отырып, ерекшеліктерін есепке ала отырып стратегиялық жоспарлаудың әдіснамасы анықтамасын айқындауға болады: ол – стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар кешені логикасы; арнайы әдіснамалық принциптер, стратегиялық жоспарлау процесінде пайдаланылатын көрсеткіштер жүйесі, сонымен қатар стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың міндетін айқындайтын болжамды және жоспарлы көрсеткіштерді негіздеу және жасақтау әдістері кешені.

Стратегиялық жоспарлау әдіснамасы кешені болжамдардың, бағдарламалар мен жоспарлардың кешенін жасақтаудың ғылыми негізі бола

отырып, бес маңызды сұраққа жауап алуға мүмкіндік береді:

1. Стратегиялық жоспарлау нысанының даму мақсаттары қандай?
2. Стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлар түрінде басқару шешімдерін жасақтау процесі кезектілігі қалай болмақ?
3. Стратегиялық болжамдар, бағдарламалар мен жоспарлардың өздері қандай болуы қажет және қандай талаптарға сай болуы қажет?
4. Стратегиялық жоспарлаудың қай мәселелерін шешкенде қандай әдіснамалық бағыттарды қолдану қажет?
5. Стратегиялық болжамдардың, бағдарламалар мен жоспарлардың орындалысын қандай әдістер және көрсеткіштер жүйесі көмегімен қамтамасыз етуге болады?

Басқарудың кез-келген мәселелерін шешуде, сәйкесінше стратегиялық жоспарлаудың да, белгілі логикасы немесе қисыны болады. Стратегиялық жоспарлаудың қисыны астарында стратегиялық жоспарлаудың кез-келген мәселесін шешумен байланысты процедуралардың реттелген кезектілігі, өзара байланыстылығы және негізді болуы түсіндіріледі.

Стратегиялық жоспарлаудың логикасы мазмұны оның келесідей құрылымдық элементтерін айқындайды:

1. Жоспарлы кезеңдегі стратегиялық жоспарлау субъектісі күтетін мақсаттарды анықтау және жасақтау.
 - Мақсаттар,
 - Міндеттер. (Үкімет – ғаламдық мақсаттар мен әлеуметтік-экономикалық жүйелердің басымдықтарын жасақтау және оларға жетудің маңызды жолдарын, әдістерін айқындау; шаруашылық субъектілері – перспективада даму концепциясы).
2. Стратегиялық жоспарлау нысанының бастапқы даму деңгейін талдау және жеткен деңгейдегі көрсеткіштерді бастапқы кезеңмен салыстыра отырып нақтылау.
 - Ұлттық экономиканың даму деңгейін талдау: әрбір саланың ішкі құрылымын, салалар арасы, аймақаралық және мемлекет аралық пропорциялардың даму қарқынын кешенді зерттеу. Елдің ұлттық экономикасы жағдайын талдау оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін жалпы бағалаумен аяқталады. Осымен бір мезгілде экономикалық тұрғыдан жақсырақ дамыған әлемнің басқа елдерінің ұқсас көрсеткіштерін қатар қою арқылы зерттеу жүзеге асырылады.
 - Микродеңгейде ішкі және сыртқы ортаға талдау жүргізіледі, бұл процесс кезінде ұйымның потенциалын пайдалану, оның мықты және әлсіз тұстары, бәсекелестер мен олардың әрекеттері, саланың бәсекелестік ортасы жағдайы, оның даму келешегі, қозғаушы күштер; макро орта құрамы, оның құрамдастары және олардың ұйымға әсері (әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, саяси, технологиялық) анықталады.

3. Стратегиялық жоспарлаудың сәйкесінше нысандарының қызмет етуі нәтижесінде жоспарлы кезеңдегі қоғамның қажеттілігі құрылымы мен көлемін анықтау.
 - Әртүрлі тауарлар мен қызметтерге қоғамның қажеттіліктерін анықтау стратегиялық жоспарлау логикасының маңызды процедурасы болып табылады, өйткені кез-келген фирма, корпорация адамдардың белгілі қажеттіліктерін өтеу үшін қызмет етеді.
4. Жоспарланған кезеңнің басында болған және жоспарлы кезең бойында қайта жасалған ресурстардың көлемі мен құрылымын айқындау.
5. Әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық жүйелердің қажеттіліктері мен ресурстарын қажеттіліктерді шамалау, маңызына қарай жүзеге асыру негізінде уақытша қайшылықтарды, олардың арасындағы сәйкессіздікті игеру жолымен үйлестіру, сәйкестендіру және стратегиялық болжамдар, бағдарламалар, жоспарлар түрінде басқару шешімдерін дайындау.

Стратегиялық жоспарлау қоғамды, фирманы басқару жүйесінің орталық элементі болғандықтан, басқарудың төрт жалпы принциптері стратегиялық жоспарлау үшін де маңызды болмақ:

1. Саясатты басымдыққа ала отырып экономика мен саясаттың бірлігі принципі.
2. Орталықтандыру мен дербестік бірлігі принципі.
3. Басқару шешімдерінің тиімділігі мен ғылыми негізделгендігі принципі.
4. Жоғарыдағы биліктің мүдделері басымдылығында жалпы және жергілікті мүдделерді үйлестіру және басқару шешімдерін орындауда жеке және ұжымдық қызығушылықты ынталандыру принципі.

Стратегиялық жоспарлауға сәйкес аталған басқару принциптерінің мазмұны сипатталады:

1. Саясат басымдығындағы экономика мен саясаттың бірлігі принципі. Бұл принциптің мазмұны болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарларды жасақтаушылардың басқару субъектілерінің белгілеген саясаты мақсаттарына орай әрекет ету талабы болып табылады. Макродеңгейде – бұл үкіметпен жасақталып жүзеге асырылатын саясат. Ол қоғамның экономикалық және әлеуметтік негізін сақтауды қамтамасыз етуі қажет және халықтың мүддесін көрсетуі керек. Микродеңгейде коммерциялық ұйымдардың меншік иелері, олардың даму бағытын, өз мүдделеріне сай қызметтерінің қаржылық нәтижелерін бөлуді анықтайтын саясатты жасақтайды.
2. Орталықтандыру мен дербестік бірлігі принципі. Бұл заңдылықтың мәні реттеуші органдармен дайындалатын

болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлар түріндегі шешімдер жобасы бір жағынан, шаруашылық субъектілерінің ойы мен ниеті ақпараттарына негізделсе, олардың мүдделерін ескерсе, екінші жағынан оларға қоғамға қажетті бағытқа бағытталуына әсер етуі керек. Нарықтық экономикада орталықтандыру ең алдымен мемлекеттік тапсырыспен, аймақтық кешенді бағдарламаларды жасақтау және жүзеге асырумен, қаржылық, несиелік және валюталық шаралармен, халықты әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, заң ширегінде коммерциялық ұйымдар өз әрекетінде, өзінің ағымдық және перспективалық жұмыстарының жоспарларын дайындау мен жүзеге асыруда ерікті. Фирмалар, корпорациялар ширегінде бұл принцип фирма, корпорацияның жалпы стратегиясы ширегінде өзінің филиалдарына шаруашылық қызметінде, сондай-ақ жоспарлауда максималды еріктілікті беруде жүзеге асады.

3. Басқару шешімдерінің тиімділігі мен ғылыми негізделгендігі принципі стратегиялық жоспарларды құру процесінде келесі талаптарды есепке алу қажеттілігін білдіреді:

- Жеке элементтерінің қозғалысы мен қызмет ету сфералары бағытын және мазмұнын анықтайтын қоғамның даму заңдарының барлық жүйесінің әрекеттері. Бұл болжамдарды, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың жобаларын жасақтауда, оларды жасақтаушылардың тәжірибеде көрінетін олардың түрлері мен мазмұны, мәнінен және нарықтық шаруашылықтың экономикалық заңдары, әлеуметтік қатынастардың даму заңдары, ғылым мен техниканың даму заңдарынан шығуды білдіреді.
- Жоспарлы жұмыста ғылым мен техниканың қазіргі заманғы отандық және шетелдік жетістіктерін терең зерттеу және тәжірибеде қолдану.
- Фирма, корпорацияларды дер уақытында техникалық қайта жабдықтауға, реконструкциялауға, өндірісті жаңартуға, ғылыми-техникалық прогреске бейім болуға, қоғамның әрдайым өзгеріп отыратын мүдделеріне тез назар аударуға бағыттау.
- Стратегиялық жоспарлау процесінде стратегиялық және тактикалық жоспарлардың бірлігін қамтамасыз ету.
- Барлық жоспарлы құжаттардың жасақталу технологиясын тұрақты жетілдіру.

4. Жоғарыдағы биліктің мүдделері басымдылығында жалпы және жергілікті мүдделерді үйлестіру және басқару шешімдерін орындауда жеке және ұжымдық қызығушылықты ынталандыру принципі.

Көрсетілген басқарудың жалпы принциптерінен басқа, стратегиялық

жоспарлау үш принципке негізделеді:

1. Жетекші топтарды айқындау негізінде оптималды пропорционалдықты қамтамасыз ету.
 2. Болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың бірлігі және жинақтылығы.
 3. Жасақтау, орындалу мүмкіндігін қамтамасыз ету және бағдарламалар мен жоспарлардың орындалуын тексеру процесі бірлігі принципі.
1. Принциптің мәні сәйкесінше басқару субъектілерімен белгілі оптималдылық белгілерден шыға отырып пропорциялардың, басқарылатын жүйелердің құрылымдық элементтері арасындағы сәйкестіктің жоспарлы, саналы жасақталуы. Оптималдылық белгілері болады: а) стратегиялық жоспарлаудың мәселесін шешу үшін қажетті уақыт; ә) жоспарлы шешімдерді жүзеге асыру үшін қажет етілетін капитал салымдары көлемі немесе материалдық ресурстар көлемі; б) жоспарлы міндеттерді шешу үшін қажетті қызметкер саны. Стратегиялық бағдарлама, жоспардың жетекші тобы – стратегиялық мақсаттарға жетуді, басты мәселелерді қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлаудың нысаны перспективасында қызмет ету үшін маңызды болып табылатын оның құрылымдық элементтері. Қоғам үшін ол оның тіршілік әрекетінің белгілі сфералары, сәтті дамуы экономиканың көтерілуіне әсер ететін салалар мен аймақтар, сондай-ақ басты әлеуметтік мәселелердің шешілуі болып табылады. Микродеңгейде – фирмада, корпорацияда жетекші топ өндірістің жекелеген бөлімдері, технологиялық процестер, менеджментті, маркетингтік қызметті жетілдірудің жекелеген бағыттары және т.с.с. болып табылады.
 2. Берілген принциптің объективті негізі фирма, аймақ, тұтастай елдің ширегінде ұдайы өндіріс процесінің бірлігі, біртұтас экономикалық кеңістіктің болуы, инфрақұрылымы бар бірегей нарықтың болуы болып табылады.
 3. Оның мазмұны бағдарламалар мен жоспарлар кешенін жасақтаушылар оларды жасақтау процесінде барлық бөлімдердің ішкі үйлесімділігін және осы жоспарлы құжаттардың көрсеткіштерін, жоспарлы есептердің дәлдігін, оларды ізінше тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге ұмтылуы қажеттігін сипаттайды. Стратегиялық жоспарлауда берілген принциптің тәжірибеде жүзеге асырылуы талабы төмендегідей ұйғарылады: біріншіден, жоспарлы міндеттердің уақытымен әртүрлі жобалардың орындаушылары мен қатысушыларына жеткізілуі; екіншіден, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлар түріндегі шешімдердің орындалу жүрісі ұлттық экономиканың, оның жеке жүйелері мен элементтерінің

болжанған жұмыс істеу параметрлеріне қандай шамада сәйкес екенін мұқият тексеру.

Стратегиялық жоспарлаудың әдіснамалық жүйесінде болжамдарды, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарларды жасақтау процесінде әдіснамалық амалдар үлкен маңызға ие болуда. Әдіснамалық амалдар астарында барлық деңгейлер мен уақыт ширегіндегі болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлар кешенін жасақтау кезінде стратегиялық жоспарлаудың логикасын, принциптері мен әдістерін бірегей, бірыңғай, тұтастай пайдалану бағыты түсіндіріледі. Тәжірибеде стратегиялық жоспарлауда әркелкі түрде болатын жүйелік амал қолданылады:

1. жүйелік-кешендік амал;
2. жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық) амал;
3. жүйелік-мультипликациялық (лат. көбею) амал;
4. жүйелік-нормативтік амал;
5. жүйелік-үнем тәртібі амалы;
6. жүйелік-өсіңкі амал.

Жүйелік амал дегеніміз табиғатта, қоғамда, ойлауда болып жататын процестерді зерттеуге таным мен диалектика теориясын қолдану түрі. Оның мәні жүйелердің жалпы теориясы талаптарын жүзеге асыруда, оған сәйкес әрбір нысан оны зерттеу процесінде үлкен және күрделі жүйе ретінде, және сонымен бір мезгілде жалпы жүйенің элементі ретінде қарастырылуы қажет. Жүйелік амалдың толық түсінігі анықтамасы оның келесі сегіз жағдайын зерттеу міндеттілігі мен тәжірибеде қолдануды қамтиды:

1. Жүйелік-элементтік немесе жүйелік-кешендік амал берілген жүйені құраушы элементтерді айқындаудан тұрады. Барлық әлеуметтік жүйелердің заттай бөлігі (өндіріс құралдары және тұтыну заттары), процестер (экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани) және идеялар – ғылыми зерделенген адам мүдделері болады.
2. Жүйелік-құрылымдық, жүйенің элементтері арасындағы ішкі байланыс пен тәуелділікті анықтауды және зерттелуші нысанның ішкі құрылымы жөнінде көрініс алуды түсіндіреді.
3. Жүйелік-функционалдық, сәйкесінше нысандар орындау үшін жасақталған функцияларды айқындауды білдіреді.
4. Жүйелік-мақсаттық, зерттеу мақсаттарын ғылыми айқындау қажеттілігін, олардың өзара үйлесімін білдіреді.
5. Жүйелік-ресурстық, мәселені шешуге қажетті ресурстарды мұқият анықтау.
6. Жүйелік-интеграциялық, жүйенің тұтастығы мен ерекшелігін қамтамасыз ететін оның сапалы қасиеттері жиынтығын анықтау.
7. Жүйелік-коммуникациялық, берілген нысанның басқаларымен, яғни қоршаған ортамен сыртқы байланысын айқындау.

8. Жүйелік-тарихи, зерттелуші нысанның пайда болған уақыттағы жағдайларын, оның жүріп өткен кезеңдерін, қазіргі жағдайын, даму келешегін анықтау.

Жүйелік-кешендік амал - әртүрлі әлеуметтік жүйелерге қарай жүйелік амалды қолдану және нақтылау. Жүйе-кешендерге коммерциялық ұйымдар мен олардың бірлестіктері, қоғамның тіршілік әрекеті орталары, тұтастай қоғам жатады. Әрбір осындай кешен күрделі өсіңкі жүйе ретінде де және деңгейі бойынша жоғарырақ жүйенің бөлігі ретінде де қарастырылады. Және мұнда табиғи байланысты бірлікте элементтік, құрылымдық, функционалдық, мақсаттық, ресурстық, интегративті (құрылу), коммуникативті және тарихи жағдайлары алынады.

Жүйелік-бағдарламалық (бағдарламалық-мақсаттық) амал – стратегиялық жоспарлаудың сәйкесінше нысандарының алдынан шығатын жергілікті ірі ғылыми, техникалық, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және басқа да мәселелерді шешуге байланысты жүйелік амалды қолдану және нақтылау. Жүйелік-бағдарламалық амалдың маңызды сипатты белгілері: дәл мақсаттық бағыттың, белгіленген шаралардың жинақтылығы, оларды жүзеге асыру мерзімінің айқындылығы, ресурстар көздерін көрсету бірлігі.

Жүйелік-мультипликациялық амал – қоғамның әртүрлі жүйелерінде құрылатын нәтиже-салдардың шығуы және көбеюімен байланысты процестерді зерттеуге жүйелік амалды қолдану мен нақтылау. Әрбір жаңа енгізу (өндірістің жаңа әдісі, өндіріс ұйымдарындағы өзгерістер, технологияның жетілдірілуі, т.б.) жүйенің белгілі бір бөлімінде жүзеге асырылса, оның басқа бөліктеріне тарала отырып, нәтижесі көбейе береді.

Жүйелік-нормативтік амал – жоспарлау субъектілерінің оның нысандарына бөлінген әртүрлі ресурстарды (еңбек, материалдық, өндірістік, қаржылық, т.б.) оптималды пайдалану талаптарын стратегиялық жоспарлауға байланысты жүйелік амалды қолдану және нақтылау.

Жүйелік-үнем тәртібі амалы – қоғамның тіршілік әрекетінің барлық сфераларында уақытты үнемдеу заңдылығы талабын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шараларды зерттеу, жасақтау және негіздеуге байланысты жүйелік амалды қолдану және нақтылау. Стратегиялық жоспарлаудың тәжірибесінде бұл әдіснамалық амал үнемдеуді, сондай-ақ кейбір ресурстарды басқа ресурстармен, ескірген технологияны алдыңғы және өнімді технологиямен тиімді алмастыруды білдіреді. Бұл амалды қолданудың басты бағыты – негізгі және айналым капиталы шығындарын азайту, еңбекті үнемдеу, табиғи ресурстарды үнемдеу, уақытты үнемдеу.

Жүйелік-өсіңкі амал – стратегиялық жоспарлаудың сәйкесінше нысандарының дамуында көбірек өсіңкілікке, оның сапалы сипатын арттыруға бағытталған шараларды зерттеуге, жасақтауға және негіздеуге байланысты жүйелік амалды қолдану және нақтылау. Оның мәні, нысандардың алдына міндеттер қоя отырып, кез-келген мәселені шеше отырып органдар дайындалған шешімдерді жүзеге асыру елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына, сонымен бірге коммерциялық ұйымдардың жұмысының тиімділігі

мен өсіңкілігін күшейтуге қаншалықты әсер ететінінен шыға отырып әрекет етуінде.

Стратегиялық жоспарлаудың көрсеткіштер жүйесі және әдістері.

Болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлар түріндегі басқару шешімдерінің барлық түрлерін жасақтау көрсеткіштер жүйесін пайдаланбай мүмкін емес.

Көрсеткіш деп қазіргі есеп пен статистикада қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің сандық-сапалық сипаты түсіндіріледі. Оның сапалық жағы орны және уақыттың нақты жағдайларындағы құбылыс пен процестердің мәнін көрсетсе, сандық – оның көлемін, абсолютті немесе салыстырмалы мөлшерін көрсетеді. Стратегиялық жоспарлауда көрсеткіш деп сандық және сапалық анықтыққа ие жоспарлы міндеттің мөлшері айтылады.

Қазіргі көрсеткіштер жүйесі негізгі әлеуметтік-экономикалық процестердің мазмұнын сипаттауға және оны мемлекеттік реттеуде қолдануға мүмкіндік береді. Реттеу мен жоспарлаудың әртүрлі деңгейлері ерекшеліктерін есепке ала отырып көрсеткіштер жүйесінің бөлінуі:

- Жоспарлаудың көрсеткіштер жүйесі. Кешенді әлеуметтік-экономикалық болжамдардың көрсеткіштері, ұлттық шоттардың, мемлекеттік бюджеттің, елдің жинақ қаржылық жоспарының көрсеткіштер жүйесі.
- Мемлекеттік билік органдарымен жасақталу процесінде, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді болжамдарында, аймақтық стратегиялық бағдарламаларда, елдің мемлекеттік бюджетінде пайдаланылатын көрсеткіштер жүйесі.
- Аймақтық мақсаттық бағдарламалар мен жергілікті бюджеттер көрсеткіштерін қосатын аймақтық субъектілердің дамуының көрсеткіштер жүйесі.
- Жекелеген салалар дамуының көрсеткіштер жүйесі.
- Коммерциялық ұйымдардың дамуының стратегиялық бағдарламалары мен жоспарларының көрсеткіштер жүйесі.

Стратегиялық жоспарлаудың нысандары және шаралардың мазмұнына байланысты көрсеткіштер төмендегідей топтарға бөлінеді: а) соңғы және аралық; ә) натуральды және құндық; б) сандық және сапалық; в) көлемдік және жүйелік; г) абсолюттік және салыстырмалы; ғ) бекітілген, есептеу, ақпараттық (анықтамалық).

Соңғы және аралық көрсеткіштер басқару мен жоспарлаудың әртүрлі деңгейлерінде қоғамның қажетін қамтамасыз етумен байланысты. Сондықтан ақырғы нәтиже мен оны айқындаушы көрсеткіштердің оларды қарастыру деңгейлеріне байланысты белгілі мазмұны мен шекарасы болады. Айталық, ұлттық экономиканың **бастапқы бөлімінде** ақырғы нәтижелер жеке тұлғалар мен тауар өндірушілердің тұтыну заттары мен өндіріс құралдарына қажеттіліктерін қамтамасыз етуші игіліктер болып табылады; **екінші деңгейде**

– бұл салалық жүйелер мен аймақтар субъектілерінің өндірістік және өндірістік емес қажеттіліктерін қамтамасыз етуші игіліктер; **үшінші деңгейде** – тұтастай қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз етуші игіліктер.

Осылайша, микродеңгейде ақырғы көрсеткіштер деп жеке шаруашылық субъектілерінің ішкі тұтыну мақсаттарына бағытталмаған, коммерциялық ұйымның ширегінен тыс жатқан өнім көлемін сипаттайтын көрсеткіштер, макродеңгейде ақырғы көрсеткіштер өндірістік және өндірістік емес жинақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, жеке және қоғамдық өндірістік емес тұтыну үшін, негізгі капитал элементтерін күрделі жөндеу мен іске аспай қалулардың орнын толтыру үшін және экспорт үшін өнімдерді сипаттайды. Аралық көрсеткіштер ақырғы өнімді дайындауға қажетті немесе өндірістегі келесі өндеуге арналған өнімді сипаттайды.

Натуральды көрсеткіштер өндірістің заттай жағын сипаттайды. Олар өнімнің сипатымен байланысты бірліктермен өлшенеді.

Құндық көрсеткіштердің көмегімен ұдайы өндірістің жиынтық нәтижелері айқындалады (жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім өндірісі, аралық тұтыну, жалпы үстеме құн, негізгі капитал мен оны тұтыну құны, тұтас алғанда экономика бойынша төлем ақы, жалпы таза пайда, өткізілген өнім көлемі, негізгі құралдар амортизациясы). Олар стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың барлық бөлімдерінің өзара үйлесімін қамтамасыз етуге, әртүрлі салалар мен аймақтардың даму бағытын, олардың қарқынының өсуін, ұлттық экономикадағы құрылымын, ондағы маңызды өзара байланысы мен пропорцияларын, экономикалық өсу қарқынын айқындауға мүмкіндік береді. Құндық көрсеткіштер көмегімен әртүрлі экономикалық баланстар құралады. Микродеңгейде құндық көрсеткіштер өнім өндірісі бойынша міндеттерді өндіріс шығындарын азайту, еңбек өнімділігін жоғарылату, рентабельділікті жоғарылату бойынша міндеттермен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Құндық және натуральды көрсеткіштер **сандық** және **сапалық** көрсеткіштер формасында көрінеді. **Сандық көрсеткіштер** өндірістің немесе жұмыстың тікелей тура нәтижелерін сипаттайды. Олар **көлемдік** және **жүйелік** болуы мүмкін. Көлемдік көрсеткіштер өнім өндірісі көлемін, күрделі жұмыстар бойынша міндеттерді, еңбек өнімділігін теңгелей 1 адамға шаққандағы мөлшерін айқындайды. Жүйелік - элеуметтік инфрақұрылымның әртүрлі салаларының дамуы бойынша міндеттерді айқындайды. Бұл: мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері және т.б. саны, сонымен бірге дәрігерлер, мұғалімдер, оқушылар, студенттер және т.б. контингенті. **Сапалық көрсеткіштер** өнімнің тұтыну құнын (оның пайдалылығын), қоғамдық және жеке өндірістің даму жағдайларын, деңгейі мен тиімділігін, яғни өндіріс шығындарын, оның өсу қарқынын, техникалық деңгейін, материалдық ресурстарды пайдалану дәрежесін сипаттайды. Сапалық көрсеткіштер екі топқа бөлінеді: **техико-экономикалық** және **экономикалық** көрсеткіштер. **Техико-экономикалық көрсеткіштер** техико-экономикалық нормалар мен өлшеуіштерді қамтиды және негізгі және айналым қорлары тиімділігін көрсетеді. Мысалы, оларға бір машинаға кеткен металл шығыны, вагондардың

айналымы уақыты сияқтылар жатады. **Экономикалық көрсеткіштер** еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін сипаттайды. Олар ұлттық экономика салалары мен коммерциялық ұйымдар жұмыс сапасын жинақтап қорытуды айқындаушы маңызды синтездік (жинақтаушы) көрсеткіштер болып табылады. Оларға еңбек өнімділігі, өндіріс шығындары деңгейі, рентабельділік, т.с.с. жатады. Стратегиялық жоспарлауда қолданылатын көрсеткіштердің сандық және сапалық деп бөлінуі белгілі мөлшерде шартты түрде болады, өйткені сапалық көрсеткіштер сандық анықтыққа ие, ал сандық көрсеткіштер сапалық сипатқа ие.

Стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлардың көрсеткіштері абсолюттік және салыстырмалы түрде болады.

Абсолюттік көрсеткіштер өлшенуші процесс немесе құбылыстың сандық сипатын көрсетеді. **Салыстырмалы көрсеткіштер** осы құбылыстарды белгілі бір айқын база негізінде сипаттайды. Салыстырмалы көрсеткіштер көмегімен өсу қарқыны айқындалады.

Бекітілген көрсеткіштер орындау үшін міндетті болып табылады. Олар: мемлекеттік бюджет, фирма өндірісі көлемі, өндіріс шығындары деңгейі, еңбек өнімділігі.

Есептеу көрсеткіштеріне бекітілген көрсеткіштерді негіздеуге көмектесетін көрсеткіштер жатады.

Ақпараттық көрсеткіштер – бұл әртүрлі түрдегі аналитикалық көрсеткіштер, айталық «халықтың жан басына шаққанда», «үлес», т.с.с. Олар аймақтардың, фирмалардың, салалардың даму деңгейлерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Стратегиялық жоспарлаудың маңызды құрамдас бөлігі стратегиялық жоспарлаудың методикасы (әдістері жиынтығы) болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау методикасы – бұл барлық деңгейлер мен уақыттық ширектегі болжамдарды, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарларды жасақтау, негіздеу мен талдау, жоспарлы көрсеткіштерді есептеу жүйесі, олардың өзара үйлесімі әдістері, тәсілдері жиынтығы. Стратегиялық жоспарлау әдісінде жоспарлаудың қандай да бір мәселесін шешуге көмектесетін, болжамдар, стратегиялық бағдарламалар мен жоспарлар көрсеткіштерінің сандық мәнін есептейтін техникалық тәсіл, нақты әдіс түсіндіріледі.

Әртүрлі жоспарлы құжаттарды жасау түрліше экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және басқа да мәселелерді анықтау мен шешуді шарттайды. Стратегиялық жоспарлаудың мәселелері – шешуді талап ететін теориялық және тәжірибелік сұрақтар; жоспарлау нысанының нақты және күтілетін жағдайлары арасындағы айырмашылықтар.

Мәселелердің 4 тобы айқындалады:

1. Стандарттық мәселе. Бұл жердегі байланыстар қатаң анықталған, яғни фактор өзгерісі – себептер нәтижелік белгілердің бір мағыналы өзгерісіне әкеледі. Мысалы мынадай мәселе: жылу

станцияларында электроэнергияның белгілі бір мөлшерін өндіру үшін қанша отын қажет етілетінін анықтау.

2. Құрылымдалған мәселелер. Бұл мәселелердегі байланыстар тығыз өзара қатысты сипатқа ие. Мысалы, еңбек өнімділігінің өсу қарқынын оның қормен жабдықталғандығы, энергиямен жабдықталғандығы динамикасына байланысты анықтау.
3. Әлсіз құрылымдалған мәселелер. Олардың сипатты белгісі байланыстарының тығыздығының төмен деңгейі болып табылады. Мысалы, ауылшаруашылық дақылдары өнімділігінің деңгейін анықтау; жоспарлы кезеңде халықтың құрамы мен құрылымын анықтау.
4. Құрылымдалмаған мәселелер. Мұндай типтегі мәселелердегі байланыстар тек қана логикалық талдау негізінде қойылуы мүмкін. Нәтижелік белгілер өзгерісі қиын болжанады. Мысалы, ұзақ мерзімді келешектегі ғылым мен техниканың дамуы.

Стратегиялық мәселелердің құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты болжамдарды, бағдарламалар мен жоспарларды жасақтаудың бірнеше әдістері қолданылады: эксперттік (бағалау) немесе эвристикалық әдістер; әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері; тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері; баланстық әдіс; экономика-математикалық әдістер және модельдер; жүйелік талдау мен синтез әдістері.

Эксперттік (бағалау) немесе эвристикалық әдістер. Олар жанама және толық емсе ақпараттарды, маман-эксперттердің тәжірибесін, интуицияны пайдалануға негізделген. Оларды пайдаланудың нақты түрлері:

а) **көпшілік бағалау** - әлеуметтік зерттеулер жүрісінде жоспарлаудың қандай да бір мәселелері бойынша халықтың жекелеген топтарының пікірін айқындау;

ә) **сарапшылардың жүйелі жұмысын ұйымдастыру.** Сарапшылыққа тартылған тұлғалар сәйкесінше білім аймағындағы үлкен кәсіби тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар болып табылады.

б) **қызметінің ерекше жүйесі негізінде сарапшылардың жұмысын ұйымдастыру.** Сарапшылар жұмыстарын ұйымдастырудың белгілі әдістері: «Ми шабуылы», «Дельфи», «Паттери», т.б. Эксперттік әдістер көбәнесе құрылымдалмаған және әлсіз құрылымдалған мәселелерді шешуде қолданылады.

Әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері. Ол әлеуметтік-экономикалық болмысты жан-жақты зерттеуді, қоғамдық қатынастар мен өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері мен даму бағыттарын анықтау мақсатында ішкі байланыстар мен құбылыстар тәуелділігін тануды ұғындырады. Талдауда салыстыру, ірі нысандардың жұмысын іріктеп зерттеу, индекстерді есептеп шығару, тізбелік қойылымдар, топтау, баланстық айырмашылықтарды есептеу, т.б. әдістер қолданылады.

Әлеуметтік-экономикалық талдау әдістері мәселелердің барлық түрлерін шешуде пайдаланылады.

Тікелей инженерлік-экономикалық есептеу әдістері.

Кәсіпорындардағы өндірістің өсуін жобалау берілген өнім бойынша нарық қажеттіліктерін және оны өндіру мүмкіндіктерін детальді инженерлік-экономикалық есептеулермен негізделеді. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда бұл есептеулер қамтиды: өндірістік қуатты, шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны, еңбек ресурстарын пайдалануды жетілдіру; өнімнің өзіндік құнын азайту.

Инженерлік-экономикалық есептеулер арасында өндірістің, инвестициялардың, құнды қағаздар табысының, қолданылатын несиелік ресурстардың экономикалық тиімділігі есептері маңызды орын алады.

Инженерлік-экономикалық есептеулер көбінесе нормалар жүйесіне негізделеді. Мұнда келесі топтар пайдаланылады:

1. Негізгі өндірістік қорларды пайдалану нормалары.
2. Айналым құралдарын (шикізат, материалдар) пайдалану нормалары.
3. Еңбек шығындары және бұйым еңбексыйымдылығы (жұмыс уақытын пайдалану нормасы) нормасы.
4. Өндірістік процестерді ұйымдастыру нормасы (құралдарды жөндеуге кеткен уақыт шығыны, шикізат, материалдар қорын құру).
5. Өнім сапасы нормасы (өнімнің пайдалылығы, сенімділігі, ұзақ өмірлігі көрсеткіштері).
6. Капитал салымдарының үлес салмағы, күрделі шығындардың орны толуы нормасы.
7. Өндіріс шығындары нормасы, рентабельділік нормасы.

Инженерлік-экономикалық есептеулер әдістері стандарттық және құрылымдық мәселелерді шешуде кеңінен пайдаланылады.

Баланстық әдіс. Баланстық әдісте өзара тәуелді көрсеткіштерді үйлестіру мен келістіруді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер жиынтығы түсіндіріледі. Бұл тәсілдердің мақсаты көрсеткіштер арасында балансқа, тепе-теңдікке жету.

Баланстық әдіс ұлттық экономиканың дамуын талдау мен болжаудың маңызды құралы болып табылады. Оның көмегімен елдегі материалдық және қаржылық ағындардың қозғалысы бағытын айқындауға, экономикадағы материалдық-заттық және құндық пропорцияларды анықтауға, болашаққа олардың сандық параметрлерін модельдеуге, әлеуметтік-экономикалық жүйенің тепе-теңдік жағдайы бойынша көріністі алуға, нарықтың материалдық игіліктер мен қызметтерге қажеттілігін есептеуге болады.

Фирма деңгейінде пайдаланылатын баланстар оның өндірістік қуаты, болжанған кезеңге динамикасы, фирма өнімі өндірісін жоспарлау жөнінде жорамалдауға; фирманың жоспарлы бюджетін дайындауға мүмкіндік береді.

Баланстық әдіс барлық түрдегі мәселелерді шешуде кеңінен пайдаланылады.

Экономика-математикалық әдістер мен модельдер. Бұл әдіс

әлеуметтік-экономикалық жүйелерді талдаудың арнайы әдістерін, экономика тепе-теңдікті, экономикалық өсуді болжауды ұғындырады. Маңызды экономика-математикалық модельдер: ұлттық есеп жүйесі, «Шығындар – шығарылымдар» баланстық кестесі, өндіріс пен өнімді бөлудің сала аралық балансы, қаржы ресурстары мен шығындар балансы, жүйелік модельдер, т.б.

Экономика-математикалық әдістер мен модельдер құрылымдалған мәселелерді шешуде пайдаланылады.

Жүйелік талдау мен синтез әдістері ерекшелігі экономикалық жүйелер мен ондағы өтіп жатқан процестерді олардың құрамдас бөліктеріне бөлшектеп, жіктеп және соның негізінде жетекші бөлімдерді, преспективті дамудағы басты мәселелерді айқындауда.

Жүйелік талдау мен синтез әдістері стратегиялық жоспарлаудың барлық мәселелерін шешуде пайдаланылады.

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ОРТА МЕРЗІМДІ (ИНДИКАТИВТІ) ЖОСПАРЛАУЫ

Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің арттырудағы орта мерзімді жоспарлаудың ролі

Индикативтік жоспарлаудың мәні. Индикативтік жоспарлаудың әлемдік тәжірибесі. Индикативтік жоспарлаудың қызметтері. Индикативтік жоспарлаудың эволюциясы.

Қазақстанда орта мерзімді жоспар туралы түсінік, оның жүйесі және құрамы. Орта мерзімді жоспардың индикативтік сипаты. Орта мерзімді және бюджеттік жоспарлардың өзара байланысы.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде орта мерзімді жоспардың орны. Стратегиялық жоспарлар, Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасы орта мерзімді жоспарларды әзірлеудің негізі ретінде.

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу Концепциясын жүзеге асырудағы индикативтік жоспарлау негізгі құрал ретінде

Елдің тұрақты дамуы туралы түсінік. Елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму веторлары ажырамас бір тұтас ретінде. Елдің стратегиялық мақсаттарды табысты жүзеге асырудағы ҚР-ң тұрақты дамуға көшу Концепциясының маңыздылығы. Концепцияда белгіленген мақсаттық параметрлері жалпы елдену салалардың, аймақтардың және экономика субъектілері дамуының индикативтік жоспарлаудың негізі ретінде. Елдің тұрақты дамуға көшудің ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарлары.

Қазақстан республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары

Республикалық орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеудің негізгі кезеңдері және бекіту тәртібі. Республикалық орта мерзімді жоспарды жүзеге асыруды бақылау.

Облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарлары

Аймақтық саясаттың мақсаты мен міндеттері. Аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен басымдылықтары. Аймақтық саясатты іске асырудың механизмдері мен құралдары.

Облыстардың орта мерзімді жоспардың негізгі бөлімдері. Облыстардың орта мерзімді жоспарын бекіту және әзірлеу тәртібі. Орта мерзімді жоспардың іске асуын бақылау.

Бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлардың құрамдас бөлігі ретінде.

Орта мерзімді жоспарлардың құрамындағы бағдарламалар туралы түсінік. Маңыздылығы мен статусына қарай бағдарламалардың жіктелуі; орындалу мерзіміне қарай; проблемаларға қарай. Бағдарламалардың иерархиялары. Аймақтық, салалық (секторлы), мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар. Бағдарламалардың негізгі бөлімдері.

Бағдарламалардың әзірлеу, бекіту, іске асыру, мониторингті жасау және бағалау тәртібі

Бағдарламаларды әзірлеудің және бекітудің негізгі кезеңдері. Бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралардың жоспары. Бағдарламалардың орындалуын және орындалуды бақылаудың негізгі кезеңдері.

Ұлттық компаниялардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау

Экономика субъектісі ретінде ұлттық компаниялардың маңызы және рөлі. Ұлттық компаниялардың даму жоспарларының негізгі бөлімдері, бөлімдерінің құрылымы және негізгі көрсеткіштері. Ұлттық компаниялардың жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлары бюджеттік жоспарлаудың негізі ретінде

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттерді әзірлеудің кезеңдері және негізгі мазмұны: республикалық және жергілікті бюджеттердің жобалардың әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштерімен басымдылықтарды анықтау: жергілікті бюджеттердің жобасын мақұлдау.

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАР

Кәсіпорындардың қызметін жоспарлау

Жоспарлау кәсіпорында менеджменттің алғашқы маңызды кезеңі ретінде. Кәсіпорында жоспарлық қызметтің мәні мен сипаттамасы. Ішкіфирмалық жоспарлардың типтері. Кәсіпорындағы стратегиялық және оперативті (тактикалық) жоспарлау. Фирманың тактикасы мен стратегиясының түсінігі.

Экономикалық құрылымдағы жоспарлау процесі. Ұйымдағы жоспарлау қызметінің кезеңдері мен сатылары. Жоспарлардың жүйесі және оның элементтері.

Кәсіпорынның даму бағытын анықтау

Кәсіпорын қызметінің бағытын анықтаудағы ішкі және сыртқы ортаны талдаудың ролі Кәсіпорын қызметінің ориентирін анықтауда ішкі және сыртқы

орта анализінің рөлі. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасының элементтері. Кәсіпорын ортасының сын нүктелерін анықтау.

Ұйымдағы стратегиялық пен бәсекелестік талдау және стратегияны қалыптастыру

Стратегиялық талдаудың құралдары мен кезеңдері. Айырылуды талдау. Шығындар динамикасы мен тәжірибе қисығын талдау. «Өнімнің өмірлік циклі» моделі негізінде нарық динамикасын талдау. «Өнім-нарық» моделі. Стратегияларды талдаудың портфельдік моделдері. «Мак-Кинси» көпфакторлы матрицасы. «7с» моделі. ПИМС кешендік іскерлік талдау (PIMS/).

Бәсекелестік талдаудың мазмұны. Портер бойынша бәсекелестіктің бес күші және негізгі бәсекелестік стратегиялары.

Стратегиялардың қалыптасу процесі және оның кезеңдері. Стратегияның негізгі типтері: тұрақтылығы, өсімі, қысқартылуы.

Бизнес-жоспарлау

Бизнес-жоспар кәсіпорынның стратегиялық жоспарының бөлігі ретінде. Бизнес – жоспарлардың жіктелуі. Бизнес объектілері бойынша бизнес-жоспарлардың типологиясы. Бизнес-жоспарлардың негізгі бөлімдері. Бизнес – жоспарларды әзірлеудің әдістемесі. Бизнес-жоспарларды әзірлеудің кезеңдері.

1. Мемлекеттің ішкі саясаты жүйесінде әлеуметтік саясат маңызды орынға ие.

Әлеуметтік саясат – мақсаты мен мазмұны адамдар арасындағы қатынас түрлері, әлеуметтік процестер мен қарым-қатынастардың барлық кешенін реттеу болып табылатын ішкі саясаттың маңызды бөлігі.

Саясаттың басты қасиеті әлеуметтік топтардың, таптардың, партиялардың мүдделерін, қажеттіліктерін айқындау, сондықтан да әлеуметтік саясат дегеніміз әлеуметтік қатынастар аймағындағы адамдардың қажеттіліктері мен мүдделері және тіршілік әрекеті жағдайлары.

Адамдардың арасындағы әлеуметтік қатынастар олардың өзара қарым-қатынасы процесінде пайда болады және дамиды. Бұл қарым-қатынас әртүрлі формада болады: а) әлеуметтік топтар арасында; ә) таптар арасында; б) ұлттар арасында; в) әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар ішінде; г) жанұялар арасында және олардың ішінде.

Адамдардың тіршілік әрекеті жағдайлары – бұл олардың өмір сүруіне қажетті материалдық және рухани игіліктер, әрекет ету сферасы. Осылайша, әлеуметтік саясат – бұл тікелей халыққа: таптарға, ұлттарға, әлеуметтік топтар мен бұқара топтарына, жанұяға, жеке тұлғаға арналған саясат. Сондықтан әлеуметтік саясаттың басты нысаны қажеттіліктер мен тұтыну субъектісі, қоғамның тұтынушы күші болып табылатын елдің халқы болмақ.

Мемлекеттің жүргізетін саясатының барлық түрі өзара тығыз байланысты. Қоғамның дамуы үшін экономикалық және әлеуметтік саясаттың арасындағы диалектикалық (табиғаттың, адам қоғамының, ойдың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары) өзара байланыстың үлкен маңызы бар. Ол келесі екі сәтте нақты көрінісін табады: а) экономикалық саясаттың ақырғы нәтижесі халықтың әл-ауқатын жақсартудың шарты ретінде материалдық және

рухани игіліктерді жасаудағы адамдардың іс-әрекетін реттеу болып табылады; ә) әлеуметтік саясат адамдармен материалдық және рухани игіліктерді пайдаланудағы, яғни әлеуметтік принциптерінен шыға отырып қоғамның барлық мүшелерінің жан-жақты жетілуі мен тұрмыс жағдайларын пайдаланудағы олардың арасындағы қарым-қатынасқа әсер етумен байланысты. Осылайша, бір саясат үшін қорытынды болып табылатын нәрсе, екіншісі үшін бастапқы пункт болмақ.

Нарықтық экономика жағдайларында әлеуметтік саясаттың мақсаты халықтың негізгі қажеттіліктерін толтыру үшін қажетті алғышарттарды жасақтау және қоғамдағы әлеуметтік бейбітшілікті қамтамасыз ету. Бұл стратегиялық міндетті тиімді жүзеге асырмай нарықтық экономиканың қалыпты жүзеге асырылуы, қоғамдағы әлеуметтік дау-жанжалдың алдын алу мүмкін емес.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты толықтай жүзеге асырылуы үшін, ол келесі негізге алынатын принциптердің талаптарын есепке алу негізінде жасақталуы тиіс: біріншіден, адамның экономикалық тәуелсіздігі принципі және кәсіпкерлер құқығын мойындау; екіншіден, нарықтың реттеуші роліне сенім (сұраныс пен ұсыныс, еркін баға құрылымы және бәсекелестік нарықтағы жағдайды айқындайды); үшіншіден, нарықтық күштер ойыны үшін, ойын ережелерін жасау және оны сақтау үшін, экономикалық және әлеуметтік тұрмыс ағымын реттеуге сәйкесінше жағдайларды жасау үшін мемлекеттің жауапкершілігі принципі; төртіншіден, еңбек қабілеттілігі төмен топтарға көмектесу үшін еңбекке қабілетті топтарға артығырақ жүктеме беру принципі, бесіншіден, мемлекеттік және қоғамдық өмірді, өндірісті басқаруға қызметкерлердің қатысуы принципі.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты ең алдымен, халықтың кірісі өсімін еңбегіне сәйкес қамтамасыз ету; екіншіден, қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық және әлеуметтік жауапкершілігін арттыру жолымен әлеуметтік керенаулықты болдырмау; үшіншіден, халықтың әлеуметтік қорғалуы механизмі жасала отырып жасақталуы тиіс.

2. Халықтың әл-ауқаты стратегиялық жоспарлаудың басты нысандарының бірі болып табылады. Бұл категорияның мазмұны «тұрмыс жағдайы», «тұрмыс дәрежесі», «тұрмыс сапасы» түсініктері арқылы айқындалады.

«Тұрмыс жағдайында» тікелей халықтың тіршілік әрекеті себептері (жұмысбастылық, еңбек ақы және кірістер, орналасу түрлері, тұрғын үй сипаты, жанұяның мүлікпен қамтамасыз етілгендігі; әлеуметтік сфера саласы мен әлеуметтік төлемдер жүйесінің дамуы) түсіндіріледі.

«Тұрмыс дәрежесі» - бұл халықтың оның тіршілік әрекетіне қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, осы игіліктерге жеткен тұтыну деңгейі мен қажеттіліктердің қамтылуы деңгейі.

«Тұрмыс сапасы» - бұл бір жағынан қоғамдық өмірдің субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін (мысалы, өмір сүру ұзақтығы, физикалық және психикалық денсаулық деңгейі, білімі, мәдени және интеллектуалдық

потенциалы), сондай-ақ тағы бір жағынан, өмір жағдайларының қолайлығын, комфорттығын, өмір сүру ортасы жағдайын сипаттайтын ұғым.

Тұрмыс дәрежесін стратегиялық жоспарлаудың міндеті әлеуметтік саясат мақсаттарымен айқындалады. Мұндағы басты міндет жақын келешекте халықтың тұрмысы деңгейінің түсіп кетпеуін қадағалау, кейін халықтың әлауқаты мен тұрмыс сапасын арттыруға қажетті алғышарттарды жасау.

Тұрмыс дәрежесі болжамдарын жасақтау процесінде үш топтан құралатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Бірінші топқа тұрмыс дәрежесінің синтетикалық (синтез, жинақтау әдісіне негізделген) көрсеткіштері кіреді. Олар:

1. өмірді қорғаумен (туылу, өлім коэффициенттері, халықтың табиғи өсімі) байланысты қажеттіліктердің қамтылу деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер;
2. денсаулықты қорғау және сақтау бойынша (өлім, өмір сүру ұзақтығы, науқастық) қажеттіліктердің қамтылу деңгейі көрсеткіштері;
3. халықтың еңбекке қажеттілігін (экономикалық белсенді халықтың жұмысбастылығы, еңбек аптасы ұзақтығы, жұмыссыздық деңгейі және оның құрылымы, ауыр еңбек үлесі) қамту деңгейі көрсеткіштері;
4. жеке тұлғалық дамуға (түрліше білім деңгейі бар халық саны, бос уақыт құрылымындағы мәдени әрекетке арналған уақыт үлесі, халықтың жиынтық шығынындағы, бюджеттегі білім мен мәдениетке жұмсалатын қаржы үлесі) қажеттіліктерді қамтуды сипаттайтын көрсеткіштер;
5. қоршаған орта жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер;
6. тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі мен сапасы көрсеткіштері;
7. жан басына көрсеткіштер: ЖІӨ, ЖҰӨ, ҰТ өндірісі; үй шаруашылықтарының жалпы және ақырғы кірісі; үй шаруашылықтарының материалдық тауарлар мен материалдық емес қызмет көрсетулерді нақты ақырғы тұтынуы, үй шаруашылықтарының материалдық тауарларды ақырғы тұтынуға шығындары.

Екінші топқа нақты материалдық игіліктерді тұтыну көлемін өлшейтін натуралды көрсеткіштер (жеке мүлікпен қамсыздандырылу, тамақ өнімдерін тұтыну, әртүрлі көлік түрлерімен тасымалданатын жолаушылар есебі, күнелту минимумы) кіреді.

Үшінші топты игіліктерді бөлу пропорциясы мен құрылымын айқындайтын көрсеткіштер құрады (табыс тобы бойынша халықты бөлу, табыс көрсеткіштері, тұтыну, т.б.).

Нарықтық шаруашылық жағдайында халықтың тұрмыс дәрежесі жасаған жұмысынан, коммерциялық қызметінен, сондай-ақ жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік төлемдерден түсетін табыс көлемінен тәуелді.

Елдің халқымен алынатын барлық кіріс үш маңызды категориямен

сипатталады: а) нақтылы табыс (номинальный доход); ә) нақты табыс (натуральный доход); б) нақты пайдаланылатын (ақырғы) табыс (реально используемые (конечные) доходы).

Нақтылы табыс (номинальный доход) деп табыс әкелетін қандай бір іс-әрекетті жүзеге асыру нәтижесінде алуға құқылы болатын ЖІӨ, ЖҰӨ немесе ҰТ бөлігі, сонымен бірге мемлекеттік трансферттер (зейнетақы, стипендия, жұмыссыздарға жәрдем ақы), әлеуметтік трансферттер (әлеуметтік сақтандыру қорларынан төлемдер), ұйымдар арасындағы трансферттер (бір фирмалар басқа фирмалардан дивидендтер алады), коммерциялық емес трансферттер (демеушілік аударымдар). Олардың жиынтығы халықтың ақшалай, натуралды және жанама табысын құрайды. Осылайша, нақтылы табыстың құрамына енеді: а) халықтың мемлекеттің, қоғамдық, жеке кәсіпорындардан, ұйымдардан алатын ақшалай табысы (салық салынатын табыстың салық салынудан бұрын көрсетілетін сомасы); ә) отбасылық шаруашылық, фермерлік шаруашылық, әртүрлі меншік түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдардан алынатын натуралды табыс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Казахстан - 2030. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, «Білім», 1997;
2. Акофф Р. Планирование больших экономических системах. – М., 1972;
3. Акофф Р. Планирование будущего корпораций. М., Прогресс, 1985;
4. Акофф Р. Стратегическое управление. / Сокр. перев. с англ. М., Экономика, 1989;
5. Индикативное планирование: теория и пути совершенствования. Петров Ю. и др. СПб., 2000;
6. Кубаев Е.К., Нурмуханбетова А.А. Индикативное планирование в Республике Казахстан. Алматы, 2003;
7. Стратегическое планирование. Под ред. проф. А.Н.Петрова. СПб, 2004;
8. Прогнозирование и планирование экономики. Под.ред.Г.А. Кандауровой и В.И.Борисевича. Минск, 2005;
9. Правила разработки среднесрочных планов социально-экономического развития Республики Казахстан. Утверждены постановлением Правительство Республики Казахстан от 14 июня 2002 года, №647 (с дополнениями и изменениями);
10. Правила разработки и реализации государственных программ в Республике Казахстан. Утверждены указом Президента РК от 2 июня 2003 года, №1099;
11. Правила разработки и реализации отраслевых (секторальных) и региональных программ в Республике Казахстан. Утверждены постановлением Правительства РК от 26 февраля 2004 года;
12. Правила разработки проектов республиканского и местных бюджетов. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 мая 2002 года, №592;

13. Стиглиц. Дж.Ю. Экономика государственного сектора //Пер.с англ.- М.: Изд-во МГУ:ИНФРА. – 1997;
14. Саидова Г.К. и др. Международный опыт индикативного планирования и возможности его применения в Узбекистане. Научный доклад Центра экономических исследований. – Ташкент, 2003;
- 15.Тумбай Ж.О. Становление индикативное планирования в Казахстане. – Вестник КазНУ. Серия экономическая №2, 2003;
16. Тумбай Ж.О. Эволюция индикативного планирования в Казахстане. – Экономика и статистика, №2, 2003;
17. Тумбай Ж.О., Тумбаева З.Н.. Индикативное планирование как функция государственного управления. – Материалы международной научно-теоретической конференции «Государство и бизнес в XXI веке». КазНУ им. Аль-Фараби, 2003;
18. Тумбай Ж.О. Международный опыт и отечественная практика индикативного планирования в Казахстане. Материалы международной научной конференции. Алматы, КазЭУ, 2004;
- 19 Тумбай Ж.О. Некоторые вопросы методологии индикативного планирования. Алматы, Вестник КазНУ, серия Международные отношения, №2, 2005;
20. Уткин Э.А. Стратегическое планирование. М.: ЭКМОС, 2001.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	3
2. Пәннің типтік бағдарламасы.....	4
3. Лабораториялық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқау.....	19
4. Пән бойынша рубеждік бақылау сұрақтары.....	36
5. Дәрістің қысқаша жинағы.....	50
6. Пайдаланылған әдебиеттер.....	76

БАЙГАЛИЕВА АЙНҰР ОРАҚҚЫЗЫ

Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау

«050507-Менеджмент» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік
нұсқау

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 79 бет 6,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.